

# ЛЕНИН ТУУЫ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ  
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ және ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 244 (9562) || 1954 жылғы 10 декабрь Жұма Шығуына 35 жыл.  
және саны 20 тыйын.

## Малшылар арасындағы бұқаралық саяси жұмыс

Еліміздің еңбекшілері Коммунистік партияның басшылығымен ауыл шаруашылығының барлық салаларын, оның ішінде мал шаруашылығын шұғыл өркендету жөнінде күрделі шараларды жүзеге асырып жатыр. Партия мен үкметімздің бұл есмада белгілен берген шараларын жүзеге асыруда алғашқы ірі табыстарға қазірдің өзінде қол жетті. Үстіміздегі жылы еліміздің колхоздары мен совхоздары қоғамдық малдың барлық түрлерін едәуір өсіруге жетісті. Демек 1954 жылғы 1 октябрьге дейін өткен жылдың осы уақытымен салыстырғанда елімізде сыйыр 1,5 миллион бас, шошқа 3,4 миллион бас, қой 2,6 миллион бас көбейді.

Бұл—СОКП Орталық Комитетінің сентябрь, февраль-март және июнь Пленумдарының тарихи қаулыларын орындау жолындағы алғашқы табыстар ғана. Біздің елімізде, сол сыяқты біздің облысымызда да колхоздар мен совхоздардың қоғамдық мал шаруашылығын бұдан да өркендетіп, оның өнімділігін мейлінше арттыра беруге қажетті мүмкіншіліктердің барлығы да бар. Алайда мал шаруашылығын өркендетуде мұндай мүмкіншіліктердің әлі де жеткілікті дәрежеде пайдаланылмай отырғандығын мойындауымыз керек. Сөз жоқ, бізде қоғамдық мал шаруашылығын өркендетуге қажетті материалдық мүмкіншіліктер ұшан-теңіз. Бірақ мал шаруашылығын өркендету жөнінде алға қойылған міндетті жүзеге асыруға жалғыз материалдық мүмкіншіліктер ғана жеткіліксіз. Қоғамдық мал шаруашылығын бұрынғыдан да өркендетіп, оның өнімділігін арттыра беру жолында облыс еңбекшілері арасында саяси жұмыстардың дәрежесін арттырудың зор маңызы бар.

Облысымыздың колхоздары мен совхоздары мал шаруашылығын өркендету және оның өнімділігін арттыру күресінің ең жауапты және қиын кезеңі — мал қыстату маусымын өткізуде. Колхоздар мен совхоздарда мал басының өсіп, оның өнімділігін арттыру көбінесе мал қыстату маусымының үлгілі өткізілуіне байланысты. Олай болса, малшылар арасында жүргізілетін ұйымдастыру және бұқаралық-саяси жұмыстар түгелдей осы мақсатқа бағындырылуға тиіс. Тек сонда ғана бұл жұмыс нәтиже береді.

мен малшы арасындағы социалистік жаңырыстың қорытындысын шығару бастауын партия ұйымының жыйналысында бекітілген нақты жоспар бойынша жүргізіледі. Партия ұйымының секретары Солдақкин жолдас партия ұйымы белгілеген шаралардың жүзеге асырылуын үнемі бақылап, ұйымдастырып отырады.

Алайда малшылар арасындағы бұқаралық-саяси жұмыстың жайы, мал қыстатудың барысы барлық жерде бірдей тыңғылдықты ұйымдастырылған деп айта алмаймыз. Облысымызда малшылар арасындағы бұқаралық-саяси жұмыс бетімен жіберілген, бұл жағдай мал қыстатудың барысына керісінше әсер етіп отырған шаруашылықтар аз емес. Бұл жөнінде Совет ауданындағы «Аралаған» колхозын мысалға алуға болады. Партия ұйымындағы тізім бойынша оның үгіт коллективінде 20 адам бар. Бірақ осына көп үгітшілердің бірде-бірі мал қыстату басталғаннан бері малшылар арасына барып ешбір үгіт-бұқаралық жұмыс жүргізіп көрген емес. Партия ұйымының секретары Сейткереев жолдас үгітшілердің тізімін пәткеге салып қоюмен ғана тынып, ал олардың жұмыс істеуін ұйымдастыруды мүлде естен шығарып жүр. Колхозда мал қыстатудың нашар ұйымдастырылуы, қоғамдық малға тыңғылдық күтім болмай отырғандығы Сейткереев жолдасы онша көп қызығатынын сыяқты.

Малшылар арасындағы бұқаралық-саяси жұмыс, әсіресе қазір, мал шаруашылығын өркендетудегі жауапты кезең — мал қыстату науқаны кезінде мейлінше өрістетіліп, нәтижесін ұйымдастырылуы тиіс. Ең алдымен колхоз, совхоздардың партия ұйымдары малшылар арасында жүргізілетін бұқаралық-саяси жұмыстардың барлық түрлерінің партия ұйымында бекітілген жоспар бойынша ұйымдастырылып отырылуын қамтамасыз етуге міндетті. Мұнымен бірге, партия ұйымдары малшылар арасындағы бұқаралық-саяси жұмыстың жалпылама, жалаң жүргізілмей, әрбір колхоз, совхоздың, бөлімше мен ферманың алдында тұрған міндеттермен ұштастырыла жүргізілуіне баса назар аударуға тиіс.

Бұқаралық-саяси жұмыс тікелей Ферма-ларда, малшылар жұмыс істеп жүрген жерде жүргізілуі керек. Үгітші партия мен үкметіміздің ауыл шаруашылығының бар-

## КБОС СЕКРЕТАРИАТЫНДА КБОС секретариатында жұмысшылар мен қызметшілердің көркемөнерпаздығына бүкілодақтық байқау өткізу туралы

Еңбекшілерге Коммунистік тәрбие берудің маңызды құралдарының бірі ретінде жұмысшылар мен қызметшілердің көркемөнерпаздығын оған әрі жаппай өрістетуге, көркемөнерпаздықтың көркемдік дәрежесін арттыру және оның репертуарын жақсарту мақсатымен КБОС секретариаты 1955 жылғы январьдан бастап декабрьге дейін көркемөнерпазшы жұмысшылар мен қызметшілер коллективтерінің және жеке орындаушылардың Бүкілодақтық байқауын өткізу жөнінде қаулы алды.

Кәсіподақ ұйымдарына барлық жанрдағы көркемөнерпаздықты жаппай өрістетуге қамтамасыз ету, үйірмелер санын көбейтіп, оларға жұмысшылар, қызметшілер және олардың семьялары қатарынан жақадан қатысушыларды қамту, көркемөнерпаздар үйірмелеріне жұмысшы жастарды кеңінен қатыстыруға ерекше көңіл бөлу ұсынылады. Үйірмелер мен жеке орындаушылардың репертуарының идеялық-көркемдік сапасын жақсарту, әрбір кәсіпорнында көркемөнерпаздардың үгіт бригадаларын құруға шаралар қолдану, үйірмелерге қатысушылардың арасында күн-тәрбие жұмысын үздіксіз жүргізіп отыру қажет.

Мәдениет қызметкерлері кәсіподағының орталық, республикалық, өлкелік және облыстық комитеттеріне лекциялар, конференциялар, семинарлар өткізу, үйірмелердің басшыларымен және қатысушыларымен практикалық жұмыс жүргізу үшін клубтарға барып тұру, көркемөнерпаздар

КБОС СЕКРЕТАРИАТЫНДА (1-бет).  
Өңірге пропестерін телемеханикаландыру (1-бет).  
БЕЙБІТШІЛІК СҮЙГІШ БАРЛЫҚ ХАЛЫҚТАРДЫҢ МҮДДЕСІ  
ҮШІН:  
Жау соқтыға қалса—өлтге соққы беріледі. Декларацияда бейбітшілік жолы айқын көрсетілген. Бейбітшілік жеңеді (2-бет).  
И. Зверевской —Кәсіподақ ұйымдарының есеп беру-сайлау жыйналыстары (2-бет).  
12 ДЕКАБРЬ —ХАЛЫҚ СӨТТАРЫНЫҢ САЙЛАУЫ КҮНІ:  
В. Федоров.—Саяси үгітті әсіретуге болмайды. А. Куминов.—Онүйліктердегі үгітшілер. Қ. Құрманғалиев. — Оқу үйі және сайлаушылар (2-бет).

спектакльдерінің жаңа концерт программаларын қарап, талқылау жолымен искусство қызметкерлері тарапынан жұмысшылар мен қызметшілердің көркемөнерпаздығына қамқорлық көмекті күшейту ұсынылды.

Байқаудың өткізу тәртібі: жергілікті байқаулар —кәсіпорындарында, мекемелерде және оқу орындарында өткізіледі; аудандық және қалалық (аудандарға бөлінген қалаларда байқау қаланың аудандары бойынша өткізілмейді); облыстық, өлкелік және республикалық байқаулар. Жергілікті байқаулар, 1955 жылғы март-апрельде, аудандық және қалалық байқаулар —май—сентябрьде. Облыстық, өлкелік, республикалық байқаулар октябрь-декабрьде өткізіледі.

Байқауға басшылық ету үшін КБОС мәдени-бұқаралық бөлімінің меңгерушісі В. С. Ржанов председателдік ететін Бүкілодақтық ұйымдастыру комитеті құрылды. Ұйымдастыру комитетінің 44 мүшесінің ішінде ССРО халық артистері В. В. Барсова, О. В. Ленинская, Н. А. Мойсеев, А. Д. Попов, РСФСР-дің еңбек сіңірген искусство қайраткері композитор В. Мурадели, РСФСР-дің еңбек сіңірген искусство қайраткері композитор А. Г. Новиков, хореографиялық «Бережка» ансамблінің көркемдік жағын басқарушы, Сталиндік сыйлықтың лауреаты Н. С. Надеждина және басқалары бар.

(СОТА).

## Бендераның жібек мата комбинаты

БЕНДЕРЫ, (Молдавия ССР), 7 декабрь. (СОТА). Қаланың оңтүстік жақ шетінде жібек мата комбинаты салынып жатыр. Өндірістік бас қорғуыстың орасан зор металл арқасы қазірдің өзінде әзір болды, ол 21 мың шаршыметр жер аумағын алып жатыр. Бәзір мұнда оның қабырғалары қалануда. Оның жағында орталық жөндеу мастерскойларының, гараждың корпустары көрінеді, котельный, қойма үйлері салынууда. Бірме темір жолдар жасауда.

Жібек мата комбинаты жеңіл өнеркәсіптің Молдавиядағы аса ірі кәсіпорны

## Қысқы спорт маусымы

Біздің елімізде физкультура мен спорт жұмыстарына ерекше көңіл бөлінеді. Өйткені еңбекшілерді коммунистік рухта тәрбиелеуде дене шынықтыру жұмыстарының маңызы өте зор. Ол совет адамдарының денсаулығын жақсартып, олардың еңбекке деген қабілеттілігін арттыра түседі, жастардың дені сау, шыбырақ, қыбындықтардан қорықпайтын, оның қандайын болса да және алатын болып өсуіне жағдай жасайды. Сондықтан да біздің елде физкультура мен спорт миллиондаған совет адамдарының сүйікті ісіне айналды.

Физкультура мен спорт—біздің елімізде бұқаралық іс. Туысқан Коммунистік партия мен Совет Үкметі еңбекшілердің рухани тәрбиесімен қатар олардың денсаулығын арттыруға, дене тәрбиесін жақсартуға айрықша көңіл бөліп келеді. Спорт ісін өрістетуге жыл сайын миллиондаған сом қаржы бөлінеді, жаңа стадиондар мен спорт залдары салынып, пайдалануға беріледі. Бұл сыяқты әкелік қамқорлық совет спортшыларының халықаралық жарыстарда үздік табыстарға жетуінің нысаны болып табылады.

Бүкіл еліміздегі сыяқты біздің облысымызда да физкультура мен спорт кең көлемде өріс алған бұқаралық іске айналып отыр. Спортпен шұғылданушы еңбекшілер санының барған сайын көбейе түсуі, спорттың жеңіл атлетика түрлерінен облыстық рекордтың жақсартылуы бұған айқын дәлел. Мәселен, тек облыс орталығындағы ерікті спорт қоғамдарының өзінде он мыңға жуық еңбекші мүше.

Облысымызда быылғы жылы жеңіл атлетиканың түрлері: ядро лақтырудан, жүгіруден, секіруден жаңа рекордтар жасалды. № 2 мектептің оқытушысы Юрий Беляев, механикалық техникумның студенті Валентина Низкитина, оқытушы Татьяна Федянина, студент Радченко, оқушы Сиденко сыяқты талантты спортшылар өткен жазда өткізілген Бүкілқазақстандық спортқаида мен село спортшыларының спортқаидасында елеулі көрсеткіштерге ие болды. Ал совет спортшылары өнерлерінің Бүкілодақтық байқауы—Москвада болған физкультурашылардың Бүкілодақтық дәстүрлі парадына біздің облыстан ондаған спортшылар қатысты.

Облыс спортшылары мен физкультура коллективтері қысқы спорт маусымына

жаппай өрістетуге, оған әсіресе жастарды көптеп тарту сыяқты маңызды істі өз назарларынан тыс қалдырған. Бұл жағдай жекелеген таңдаулы спортшылар мен қатардағы мыңдаған спортшылардың көрсеткіштерінің арасында аса үлкен алшақтықтың болуына әкеліп соғып отыр. Сонымен қатар облыста спорттың теннис, сайыс, бокс сыяқты түрлері нашар өрістетілуде.

Спорт жұмыстарын кеңінен өрістетуге, әсіресе ауыл-селолық жерлерде нашар болып отыр. Ауыл-селолардағы төменгі физкультура коллективтерін нығайту, спортқа колхозын жастарды көптеп тарту, ауыл-село спортшыларының жарыстарын жиі өткізуге әлі де жеткілікті көңіл бөлінбей келеді. Мәселен, Ленин ауданының колхоздарында мұндай кемшіліктер кеңінен орын алған. Осы аудандағы колхоздардың көпшілігінде «Колхозшы» ерікті спорт қоғамы құрылған. Бірақ бұл шара тек қағаз жүзінде қалған. Оған Аманкелді, Калинин, Воровский атындағы, «Бірлік», «Еңбек» колхоздарында ешқандай да спорт жұмыстарының мүлде жүргізілмейтіндігі айқын мысал бола алады.

Біздің облыс жағдайында қысқы спорт түрлерін кеңінен өрістетуге жағдай толық бар. Әңгіме осы мүмкіншіліктерді орынды пайдалана білуде болып отыр. Бірақ осыған қарамастан көптеген ерікті спорт қоғамдары қысқы спорт түрлерін өрістетуге маңыз бермей келеді. Мәселен, өткен жесенбі күні өткізілген қалалық қысқы спорт жарысында шаңғышы спортшылардың ең жақсы деген жөрсеткіштері өткен жылғы көрсеткіштерден әлде қайла кем болды. Ал қалада спорттың бұл түрін кеңінен өрістетуге болатын еді. Аман не, қалалық физкультура және спорт комитеті бұл іске күні бұрын әзірленбеді.

Жақсы жабдықталған спорт базаларының физкультура мен спортты өрістетуге болмайды. Ең алдымен спорттың материалдық-техникалық базалары кезекті маусымға ойлардай әзірленген және жақсы жабдықталған болуы тиіс. Осыған қарамастан көптеген физкультура ұйымдарының басшылары бұл сыяқты жауапты іске мән бермей келеді. Мәселен, «Буревестник» ерікті спорт қоғамы коньки тебу үшін қажетті алаң дайындау ісін естен шығарған.

Облысымызда қысқы спорт түрлерінің



Рас, облыс мал өсірушілерінің қоғамдық мал шаруашылығын өркендетіп, оның өнімділігін арттыру және мал қыстатуды шығынсыз, үлгілі өткізу жолындағы социалистік жарыс барған сайын кеңінен өрістеуде. Озат колхоздар мен совхоздар, фермалар мен жеке мал өсірушілер мұндай мақсатты социалистік жарысқа ұштастырып, нақтылы міндеттемелер алды. Олар алған міндеттемелерін мал қыстатуды алғашқы күндерінен бастап аброймен орындауда. Ленин ауданындағы «Трошица» Ильяча ауылшаруашылық артелі мал шаруашылығын өркендеткен колхоздардың бірінен саналады. Еңалдымен бұл колхоз мал қыстатуға барлық жағынан тыңғылықты әзірленген болатын. Колхоз біржарым жылдық жемшөп қорын жасап, колхозшылардың еңбеккүндеріне 5 килограмм шөп бөлі. Көзір колхоз малы жайлы, жылы және жарық қораларға орналастырылған, олардың күтімі тыңғылықты ұйымдастырылған. Колхоз малшыларының мұндай табысының сыры — партия ұйымының олардың арасындағы ұйымдастыру және бұқаралық-саяси жұмысты пәрменді ұйымдастыруында болып отыр. Мұнда коммунистер мен комсомолецтер мал шаруашылығының шешуші ұстаздарына жіберілген. Олар бұл жұмыста барлық малшыларға еңбек үлгісін көрсетіп жүр. Мәселен, партия мүшесі Анна Воронина жолдас шөпке күтуші болып істейді. Ол былай әрбір мезгілден 13 торапдай алып, оларды аман өсіруде. Ал коммунист Максим Абраменко жолдас 15 жылдан бері сыйыр бақташысы болып істеп жүр. Оның алдынан бірде-бір мал шығын болған емес. Сол сыяқты, коммунистер Н. Филиппенко, А. Фрузько және А. Макарова жолдасар да мал шаруашылығында тікелей жұмыс істеумен бірге, малшылар арасында үгіт-бұқаралық жұмыстарын жүргізеді.

Бұл колхозда малшылар арасындағы бұқаралық-саяси жұмыс, фермалардың қабырға газеттері мен жауынгерлік листоктарын шығару, ферма мен ферма, малшы

лық салаларын шұғыл өркендету, көпшілік қолды товарлар өндіруді арттыру, совет адамдарының әл-ауқат және мәдениет дәрежесін барған сайын жақсарту беру жөніндегі тарихи қарарларын, Совет Үкіметінің бейбітшілікті сыртқы саясатын, еліміздің ішкі және халықаралық жағдайын үнемі түсіндірумен бірге, сол колхоздың, совхоздың, ферманың алдында тұрған міндеттерді жан-жақты баяндап отыруға, жұмыста үздік шыққан малшылардың тәжірибелерін насихаттауға және кездескен кемшіліктерді ашып отыруға міндетті. Үгітші өз жұмысын осылай ұйымдастырғанда ғана оның үгіті әсерлі болатындығы мәлім.

Партия ұйымдары қабырға газеттері мен жауынгерлік листоктардың кезінде шығарылып, онда озат малшылардың табыстары мен тәжірибелері толық баяндалып, жұмыстағы кемшіліктер мен жаққа малшылар сыналып отыруына үнемі назар аударуға тиіс.

Малшылар арасындағы бұқаралық-саяси жұмыстың жаңа міндеттер дәрежесіне сай ұйымдастырылуын қамтамасыз ету — МТС аймақтарындағы нұсқаушылар топтарының ең негізгі міндеті. Олай болса, МТС аймақтарында жұмыс істейтін партия қызметкерлері әрбір колхоздағы, фермадағы бұқаралық-саяси жұмыстың жайын жете біліп, бұл жұмысты ұйымдастыруда колхоз бастауыш партия ұйымдарына, олардың секретарьларына күнбе-күн басшылық жасап, нақтылы көмек көрсетіп отыруға міндетті. Аудандық партия комитеттері де бұл міндетті жүзеге асыруды нұсқаушылардан талап етіп отыратын болуы керек.

Малдың қысқы күтімін тыңғылықты ұйымдастыру, жемшөпті үнемі жұмсау, бірде-бір бас малдың шығын болуына жол бермей, қоғамдық малды қыстан шығынсыз, күйлі алып шығу — малшылардың ең абройлы міндеті. Малшылар арасындағы бұқаралық-саяси жұмыс та бүгін таңдағы осы ең негізгі міндетті мінсіз жүзеге асыруға бағытталуға тиіс.

## Өндіріс процестерін телемеханикаландыру

Москвада СССР Ғылым академиясының автоматика және телемеханика институтының шақыруымен телемеханикаландыру мәселелері жөнінде Бүкілодақтық кеңес болып өтті. Оның жұмысына 400-дей ғылыми қызметкерлер, министрліктер мен кәсіпорындардың өкілдері қатысты.

Телевизор арқылы басқаруды енгізу ісіндегі ғылыми зерттеу ұйымдарының міндеттері туралы техника ғылымының докторы профессор М. А. Гаврилов баяндама жасады. Ол соңғы екі жылдың ішінде бұл салада елеулі табыстарға қол жеткенін атап көрсетті: жұмыста анағұрлым еңбек және жай телемеханика аппаратура-расының жаңа түрлері жасалды. Мұның өзі әртүрлі процестерді едәуір қашықтан тұрып ашқаруды жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Келесі 50 шақты баяндама тыңдалды. Оларда атап айтқанда, электр станциялары министрлігінің телемеханикалық аппаратура шығаруды жолға қойғандығы

алыстан тұрып жұмыс істейтін әлпешуші тетіктердің бірсыпыра жаңа түрлерінің жасалғаны хабарланды. Көзірлі уақытта металлургия, көмір және басқа өнеркәсіп салаларындағы процестерді телемеханикаландыру жөнінде жұмыстар жүргізіліп жатыр.

Техника ғылымының кандидаты М. П. Карпинская Панфилов атындағы коммуналдық шаруашылық академиясында су проводын, канализацияны, трансформаторлық өліні станцияларды және басқа қала шаруашылығының объектілерін басқаруды жүзеге асыратын бір үлгіне келтірілген тетіктің жасалғандығы туралы хабарлады. Техника ғылымының кандидаты Н. Ф. Пенкин темір жол транспортында диспетчерлік централизацияны өркендету туралы баяндады.

Мұнай кәсіпшіліктерін телемеханикаландыру мәселелері жөнінде арнаулы баяндама жасалды. (СОТА).

болады. Оның цехтары маңдай алды техникамен жабдықталуда.

## Көктемгі-жазғы маусымға арналған маталар

КИЕВ, 7 декабрь. (СОТА). Украинаның шұғыл өнеркәсіп орындары көктемгі-жазғы асортименттегі маталар шығаруға кірісті.

Харьков пен Ворошиловград фабрикаларында биязы жүн жіптен костюм тігуге арналған таңбалы маталар тоқыла бастады. Одесса фабрикасында ашық бояулы маталар шығару өмірбаян есе артады, олар әйелдердің көйлектерін тігуге арналған. «Укравауно» кәсіпорындары ер-кектердің, әйелдердің және балалардың

кіімдерін тігуге арнал 200 түрлі түсті боялған маталар шығарады.

Фабрикаларда декабрь айында жаңа конструкторлық ірі машиналары іске қосылды. Олардың жұмыс өнімділігі кәзіргі машиналардың жұмыс өнімділігімен салыстырғанда екі еседей артық. Автомат тоқыма станоктарының пәркі ұлғаяды.

Кәсіпорындар жыл басынан бері 370 мың метр жүн матаны тапсырмаға қосымша қосып шығарды. Еңбек өнімділігін арттыру жөніндегі 11 айлық тапсырма асыра орындалды.



Москва облысы. Жуырда Москва-Курск-Донбасс темір жолының Ленин станциясында вокзал-ескерткіштің салтанатты ашылуы болды. СУРЕТТЕ: Ленин станциясында вокзал-ескерткіштің үйі. (СОТА-ның фотохроникасы).

да ондағыдан дайындалады. Олар жазғы спорт маусымында қол жеткен табыстарын баянды ете отырып, қысқы спорт маусымын ойдағыдай өткізу жолында өздерінің спорттық шеберліктерін жетілдіре беру үшін қажырлылықпен күресуде. Қысқы маусымға әсіресе қаладағы «Спартак» (тренері Байкова жолдас), «Локомотив» (тренері Жығун жолдас), «Урожай» (тренері Уланов жолдас) ерікті спорт қоғамдарының коллективтері жақсы әзірленді. Бұл жақсы әзірлік қысқы спорт маусымының алғашқы күндерінен бастап-ақ өзінің игі нәтижесін көрсетті. Бұл — ерікті спорт қоғамдарының командалары өткен жексенбіде қысқы спорт маусымының ашылу құрметіне өткізілген командалық жарыстарда жүзделі орындарға ие болды.

Алайда облысымызда физкультура мен спорт жұмыстарын өрістетуде әлі де болса елеулі кемшіліктер орын алып отыр. Бірқатар физкультура ұйымдары мен ерікті спорт қоғамдары қысқы спорт маусымына нашар әзірленді. Спорт базаларын, шаңғы станцияларын, мұз айдындарын, трамплиндер жасау істерін ерте бастап қолға алып, оны ойдағыдай жүргізе алмады. Сол сыяқты, жас спортшыларды, шаңғышыларды, конькишілерді, хоккейшілерді жаттықтыру ісіне көңіл бөлмеді. Мұндай физкультура ұйымдарының қатарына «Труд» (тренері Новожилова жолдас), «Буревестник» (тренері Ремизов жолдас) ерікті спорт қоғамдары жатады. Ал «Медик» ерікті спорт қоғамының басшылары (тренері Колкин жолдас) тіпті қысқы спорт жұмыстарына қажетті құрал-жабдықтарды дайындауға да көңіл бөлмеген.

Облысымыздың физкультура ұйымдарының жұмысында кездесіп отырған басты кемшіліктің бірі мынау: физкультура ұйымдары көбіне тек жарыстарда жоғары көрсеткіштерге ие болған жеке спортшылармен ғана жұмыс жүргізіп, спортты

нашар өрістетілуі, сол сыяқты спортшылардың өз шеберліктерін жетілдіру ісінің қанағаттанғысыз болуы еңалдымен маман тренер кадрларының жетіспеуінен де болып отыр. Әсіресе ауыл-селолық жерлердегі төменгі физкультура коллективтерінде жастарды жаттықтырып, тәрбиелей алатын тәжірибелі тренерлер мүлде жоқ деуге болады. Сондықтан да облыстың физкультура ұйымдары маман спорт кадрларын — тренерлерді, тәрбиешілерді, нұсқаушыларды даярлау ісіне ерекше көңіл бөлулері керек.

Физкультура және спорт ісі — әсіресе жастардың төл ісі. Сондықтан да жергілікті комсомол ұйымдары физкультура мен спортқа жастарды кеңінен қатыстыруға, олардың спорттық шеберліктерін арттырып отыруға күнбе-күн басшылық жасауға міндетті. Ал әрбір физкультура ұйымы спорт жарыстары мен жаттығу істерінің жоспарын жасағанда комсомол ұйымдарымен бірлесіп отырып, өздерінің мүмкіншіліктерін, өткен жылы кездескен кемшіліктерді ескеріп, оны қайталамау үшін бұрынғыдан да жақсы жұмыс істеу үшін күресулері керек. Жергілікті совет, кәсіподақ ұйымдары физкультура ұйымдарының спорттық базаларын жабдықтау ісінде, спортты кеңінен өрістетуде физкультура ұйымдарына көмектесуге тиіс.

Қалада, өнеркәсіп орындары мен ауыл-селоларда физкультура мен спорт ісін барынша өрістетіп, оған жастарды, сол сыяқты жұмысшылар мен колхозшыларды кеңінен қатыстыру ісінде жергілікті партия ұйымдары физкультура ұйымдарына үнемі нақтылы басшылық жасап отыруға міндетті.

Қысқы спорт маусымын ұйымдасқан түрде өткізіп, спорт түрлерін кеңінен өрістетейік! Сөйтіп быылғы қысқы спорт маусымында жаңа табыстарға жетейік!

## Мұнайшылардың еңбек табыстары

Бөптеген мұнай кәсіпшіліктерінің коллективтері сұйық отын шығарудың жылдық жоспарын мерзімінен бұрын орындағандықтары туралы рапорт беруде.

Бекудың мұнайшылары арасында «Орджоникидзефельд» мұнай кәсіпшілік басқармасының №1 кәсіпшілігі жылдық жоспарды алдыңғы қатардағылардың бірі болып орындады. Бұл кәсіпшіліктің қызметкерлері жүздеген геологиялық техникалық шараларды жүзеге асырды, мұның өзі оларға барлық скважиналарды пайдаланудың үздік режиміне жетуге және осының есебінен мұнай шығаруды алты

процент арттыруға мүмкіндік берді. «Молотовнефельд» бірлестігінің ірілендірілген Полазвинск кәсіпшілігінің коллективтері мұнайды жылдық жоспардан тыс шығара бастады. Уралдың мұнайшылары шығындарды азайту есебінен 2 миллион қаржы үнемдеді. Волганың мұнайшылары өнімді өткен жылдағыдан 34,7 процент артық берді.

Башкүртстандағы аса ірі «Ишимбайнефельд» тресінің кәсіпшілері жылдық жоспарды орындағандықтары туралы бұдан екі күн бұрын рапорт берді. (СОТА).

## Сибирьдің ауылшаруашылық машиналары

НОВОСИБИРСК, 7 декабрь. (СОТА). «Сибсельмаш» заводы бүгін тұтынушыларға жоспардан тыс шығарылған «ЛД-2,4» және «ЛД-16,6» сыдыра жыртықштар жөнелтті. Кәсіпорны кеше өнімнің бұл түрлерінен жылдық тапсырманы мерзімінен бұрын орындады. Мұнымен қатар ор қазатын «КФ-30» машиналарын шығарудың жылдық жоспары да орындалды.

Бұл машиналар быылғы жылы тұңғыш рет шығарыла бастаған болатын.

Колхоз ғалымы Т.С. Малышевтің жүйесі бойынша топырақ өңдеуге арналған «ЛД-10» сыдыра жыртықштардың алғашқы даналары «Сибсельмашта» жасалды. Жаңа сыдыра жыртықш өндірістік сыныпқа өткізуге жөнелтілді.



# Бейбітшілік сүйгіш барлық халықтардың мүддесі үшін

## ЖАУ СОҚТЫҒА ҚАЛСА—ӨЛГІРЕ СОҚҚЫ БЕРІЛЕДІ

Совет ауданының колхоздары мен совхоздарында және МТС-терінде европалық сегіз елдің Москва Кеңесінде Европалық елдердің хауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қабылданған Декларациясын талқылауға арналған митингілер зор саяси өрлеу үстінде өткізіліп жатыр. Бұрнағы күні Сартомар МТС-нің жұмысшылары мен инженер-техник қызметкерлерінің механикалық мастерскойдың цехында Москва Кеңесі қабылданған Декларацияны талқылауға арналған митингісі болып өтті. МТС-тің жұмысшылар комитетінің председатели Хмельков жолдас жыйналғандарға митингіні ашық деп жариялады. Сөз бастаушы партия ұйымының секретары Малин жолдасқа берілді. Ол Москва Кеңесінің қабылданған Декларациясының тектін оқыды.

МТС-тің механизаторлары бірінен соң бірі мінбеге шығып Москва Кеңесінің қабылданған Декларациясын қуаттап сөз сөйледі. Олар өздерінің сөздерінде агрессия ұйымдастырушыларға ескерту жасайтындығын, егер ол империалистер өздерінің арам ниеттерін іске асырмақ болып өрелеткенсе, социализм лагері елдерінің халықтары екі-үш еселенген соққымен жауап беруге әзір екендігін айтты. МТС-тің мастерской менгерушісі Баринов жолдас жыйналғандарға былай деді:

—Европалық елдердің Москва Кеңесі Батыс Германияны ремилитарландыруға барытталған сепараттық Париж келісімдеріне қол қойылуына байланысты Европада тұрған жағдайды жан-жақты талқылады. Совет Одағы мен халықтық демократия елдерінің халықтары герман милитаризмін қалпына келтіру жоспарларына қарсы өздерінің ашулы үшін білдірді.

Біз, деді ол онан әрі, МТС механизаторлары Москва Кеңесінің сегіз ел қабылданған Декларациясын шын жүректен қуаттап, жер шарында қан төгіс сұрапыл соғыстың болмауы жағындамыз.

Митингіде комбайншы Келинбетовтың сөзі жыйналғандарға зор әсер етті. Империалистер, деді ол,—жана соғыстың жана қырғынды қалай бастаймыз деп жан таласуда. Олар қалалар мен селоларды өртеуге, халық байлығын тонауға өлердей аңсайды. Ол қарақшылардың бұл зұлым ойы іске аса қояр ма екен? Қан төгіске дүние жүзінің адал ниет адамдары жол бере қояр ма екен? Жоқ! Олардың бір-біріне жол берілмейді. Әкелер мен аналар өздерінің ұл-қыздарын бақытсыздыққа дұшар ете алмайды. Бейбітшілік сүйгіш халық империалистердің арам ниетіне ешқандай да жол бермек емес.

Мен көптен комбайншы болып істеп келемін. Мыңдаған гектар жайқалған алтын астық жыйнадым. Бейбіт жұмыстағы

## Декларацияда бейбітшілік жолы айқын көрсетілген

Петропавл қаласындағы аяқкіім фабрикасының жұмысшылары мен инженер-техник қызметкерлерінің европалық елдердің Европада бейбітшілік пен хауіпсіздікті қамтамасыз ету жөнінде Москва Кеңесі қабылданған Декларацияны талқылауға арналған митингісі зор саяси өрлеу үстінде өтті. Митингіні фабриканың директоры Гаев жолдас ашты. Декларация тексті жарияланған газетті фабрика қызметкері Леванович жолдасқа ұсынды. Леванович жолдас Декларация тектін толық оқыды. Митингіге жыйналғандар бейбітшіліктің нақтылы жолы көрсетілген—Декларацияның әрбір сөзін зейін қоя тындап отырды.

Бірінші болып сөйлеген ағаш шебері, коммунист Музыченко жолдас болды. Ол өзінің сөзінде былай деді:

—Совет халқының социализмнен коммунизме бірте-бірте өту жолындағы ұлы жеңістері, бейбіт еңбектің арқасында қол жеткен тамаша табыстары, гүлденген қалалары мен селолары, ауқатты, мәдениетті, қызықты тұрмысы, міне сол сияқты адам өміріне не керектің барлығын біздің қаланың да, фабриканың да өмірінен айқын көруге болады. Қалалары басқа да кәсіпорындары сияқты фабриканың да көлемі жылдан-жылға ұлғайып, ондағы техника ауауы үздіксіз артып келеді. Елімізде жоғары сортты өнімдерді беруде фабриканың едәуір өскендігі бар.

Үстіміздегі жылдың май айынан бері фабрика коллективі өндірістік тапсырмаларды ойдағыдай орындап келеді. Озат цехтарда ноябрь айында өндірістік тапсырма артығымен орындалды. Жекелеген жұмысшылар сменалық тапсырмаларын үш-төрт есеге дейін орындауға жетісті. Мен өзім жыл басынан бері тапсырмалды күн сайын екі есе орындап келемін. Мұның барлығы біздің Отанымызды онан әрі гүлдендіре беру, оның қорғанышарлық күш-қуатын арттыра беру күресіне қосып отырған зор үлесіміз болып табылады.

Біздің кеңбайтақ елімізде әрбір колхозшының, әрбір жұмысшының, барлық еңбекшілердің көздеген мақсаты біреу ға—

на. Ол—елімізде коммунизм орнату жолында жаңа табыстарға жете беру. Ал империалистер біздің осы қол жеткен табыстарымызды көре алмайды. Олар біздің іштері дамуымызға барынша кесірін тигізуле жанталаса өрекет жасайды. Олар біздің адал еңбекпен салған қалаларымызды, селоларымызды қыйратып, жойғысы келеді. Бірақ империалистердің бұл арам ниеті жүзеге асырылмайды. Егер олар біздің сүйікті Отанымызға арам қолын сұға қалатын болса, онда бас көтермейтін соққыға жығылатын болады.

—Біз комсомолдер, жастар,—деді жұмысшы Бангурина жолдас,—өзіміздің бақытты өмірімізді онан әрі гүлдендіріп, тұрмысымызды барған сайын жақсарту беру үшін аянбай еңбек етіп келеміз. Біздің осындай тыныштық өмірімізді империалистер, соғыс құмарлар, қан ішкілестер бұзғысы келеді. Париж келісімі, Батыс Германияны қаруландыру саясаты, міне, осы арам ниеттің жолы болып саналады. Біз империалистердің бұл өрекетіне ешқандай да жол бермейміз. Демек, біздің ісіміз әділ іс, біз бейбітшілікті жақтаймыз. Бейбітшілік соғысты жеңеді. Коммунистік партия бастаған бейбітшілік саясатын бүкіл дүние жүзінің прогресшіл халықтары қуаттап отыр. Европада бейбітшілікті сақтау жолы Москва Кеңесі қабылданған Декларацияда айқын белгіленді. Сондықтан біз бұл Декларацияны бірауыздан мақұлдаймыз.


Фабриканың бұлардан басқа да шығып сөйлеген жұмысшылары мен инженер-техник қызметкерлері Декларацияны толық қуаттайтындықтарын айта келіп, Отанымыздың күш-қуатын бұдан да жоғары дәрежеде арттыра беру үшін өндірістік жұмыста жаңа табыстарға жетуге, декабрь айында жоспардан тыс 1.500 шар аяқкіім өндіруге көтерілгі міндеттемелер қабылдады. Көзір олар қабылданған міндеттемелерін іс жүзінде орындап келеді.

Митингіге жыйналған фабрика коллективі Москва Кеңесінің Декларациясын бірауыздан қуаттап қарар қабылдады.

## Бейбітшілік жеңеді

Москва Кеңесіндегі қабылданған Декларацияны талқылауға Сталин атындағы колхоздың колхозшылары мен Илич атындағы МТС-тің (Ленин ауданы) механизаторларының біріккен митингісі зор саяси өрлеу үстінде өтті. Бұл митингіге 300 адам қатынасты. Олардың барлығы да жаңа соғыс өртен тұтандыру үшін өрелет-

жолдас сөз сөйледі. Ол милитаристік Германияның қайта қарулануына жол беретін Париж келісіміне ызалы наразылық айтты. Ауылшаруашылық еңбекшілерін қырағылыққа, өндірістік жаңа табыстарға жетуге шақырды. Колхоз дәулетінің өсуін, байлығын, болашағын сөз етті. Коммунистік партия мен Совет өкіметінің



Советтік Қазақстанда. СУРЕТТЕ: Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен СЭС-і плотинасының сү құйылатын бөлегі. (ҚазТАГ-тың фотохроникасы).

## ТРАКТОРЛАРДЫҢ ЗАПАС БӨЛШЕНТЕРІ ЖОСПАРДАН ТЫС ШЫҒАРЫЛУДА

Республикамыздың машина-трактор станциялары мен совхоздары техниканы көктемгі егіске әзірлеуде. Бұл жұмыста оларға Қазақ ССР Ауылшаруашылық министрлігінің тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарына запас бөлшектер жасап беретін жөндеу-механика заводтары көмек көрсетуде. Бұл кәсіпорындардың жұмысшылары, инженерлер мен техниктері өндірістік тапсырмаларын мерзімінен бұрын орындау үшін жарысуда.

Алматының жөндеу-механика заводының коллективі тракторларға арналған запас бөлшектер жасаудың жылдық жоспарын орындады. Завод тапсырманы қосымша көздің өзінде МТС-терге 20 мың сомның трактордың жарты бөлшектері мен бөлшектерін жасап берді.

Қостанай мен Мамлютка жөндеу-механика заводтары тракторлардың запас бөлшектерін келесі жылдың есебіне жасауда. Комсомолық, Уштобе және Тайғырша заводтары комбайндарға арнап бөлшектер шығарудың жылдық программасын мерзімінен бұрын орындады.

(ҚазТАГ).

## 1955 ЖЫЛДЫҢ ЕСЕБІНЕ ШЫҒАРЫЛҒАН НӨМІР

ҚАРАҒАНДЫ. (ҚазТАГ). Қарағандының пахтадарында бесінші бесжылдықты мерзімінен бұрын орындау жолындағы жағдайы өрлетуде. № 31 шаянның жемі-

12 декабрь—халық соттарының сайлауы күні

## Саяси үгітті әлсіретуге болмайды

Халық соттарының сайлауына санаулы ақ күндер қалды. Бұл күндері партия ұйымдары сайлау алдындағы саяси үгітті, әсіресе кандидаттарды жақтаған үгітті кеңінен ұйымдастыруға тиіс. Алайда, Совет ауданының кейбір партия ұйымдары сайлаушылар арасындағы бұқаралық-саяси жұмысты формальды ұйымдастырып отыр. Көп жерлерде саяси жұмыстың тұжырасы—үгітшілерге нұсқау беру, олардың жұмысына басшылық пен бақылау жасау жұмыстары жоқтың қасы. Пікірімізді дәлелдеу үшін фактілерге тоқталайық.

«Аралтаған» колхоз партия ұйымының үгітшілер коллективінде 20 адам бар. Бұл зор күш. Бірақ үгіт коллективінің жұмысында басқаларға үлгі боларлықтай ештеңе жоқ. Оның бүкіл жұмысы кейбір үгітшілердің сайлаушылар үшін оқта-текте дауыстап газет оқуымен ғана тынып келеді.

Біз бұл арада үгітшілерді кінәлаудан ұлақпыз. Олардың көпшілігі мазмұнды үгітшілердің саяси жұмысты ұйымдастыру тәжірибелері кем, көмек көрсетуді қажет етеді. Солай бола тұрса да, партия ұйымының секретары Сейіткереев жолдас үгітшілердің нұсқау кенестерін өткізіп, оларға саяси үгіттің түрлері мен әдістері жөнінде кеңес беруді ескермей жүр.

—Мен сайлаушылар үшін дауыстап газет оқып беріп жүрмін. Бірақ бұл мүлдем жеткіліксіз, дейді үгітші Р. Жамшина жолдас. Сайлаушылар советтік әділ сот халықаралық жағдай және басқа мәселелер жөнінде мазмұнды әңгімелер тыңдарысы келеді. Шынын айту керек, мен әңгімені қалай өткізуді білмеймін.

Бірақтар колхозшылар түрлі себептермен оқу үйіне келе алмайды. Сондықтан сайлаушылардың мұндай тобымен саяси үгітті оңуылықтер бойынша ұйымдастырып, олардың рухани қажетін өтеу абройлы іс. Алайда партия ұйымы мұндай шараны жүзеге асырған жоқ. Сейіткереев

жолдас «ауылда оқу үйі бар, әңгіме тыңдағысы келгендер сонда барсын» дегенді айтады.

Оның демеу тұтып жүрген оқу үйінің жұмысы қандай? Бұған да жауап бере кетейік. Оқу үйінің менгерушісі Ержанов жолдас сайлау алдындағы саяси-үгіт жөніндегі әдебиеттің көрмелерін ұйымдастыру, сайлаушылармен әңгіме өткізу және басқа осы сияқты жұмысқа кіріскен жоқ. Оның бар бітіретіні—күндіз бір екі үш сағат оқу үйіне келіп, газет, журналдарды столдарға жайып қою. Кей күндері бұнда болмайды. Осылай болғандықтан оқу үйінің сайлау алдындағы жұмысы жөнінде қандай әңгіме болуы мүмкін.

Аудандағы ірі шаруашылықтардың бірі «Борьба за коммунизм» колхозы үгіт коллективінің жұмысы жөнінде де осыны айтуға болады. Партия ұйымының секретары Архипова жолдас үгіт коллективінің жұмысына нақтылы басшылық етуден тыс қалып келеді. Ол бұқаралық саяси жұмыстың жоспарын жасап, оны жүзеге асыру жөнінде үгітшілерге нұсқау берген жоқ. Осының салдарынан бірқатар колхозшылар халық соттарының сайлауы жөнінде тек соңғы күндері ғана білді.

Аудан орталығы—Смирново поселкасында да саяси-үгіт қанағаттанғысыз ұйымдастырылған. Мұнда бірқатар үгітшілер сайлаушылардың үйінде бір-ақ рет болып, оларға тек сайлау күнін хабарлады. Әсіресе аудандық Совет атқомі мен аудандық тұтынушылар одағы партия ұйымдарының үгіт коллективтері сайлау алдындағы саяси үгітті жеткіліксіз ұйымдастырып отыр.

Партия ұйымдары өткен сайлаулар жөнінде бұқаралық-саяси жұмысты ұйымдастыруда бай тәжірибелерге ие болды. Міндет—бұқаралық-саяси жұмыстың барлық түрлерін кеңінен пайдалана отырып, халық соттарының сайлауына әзірлікті қамтамасыз ету болып табылады.

В. ФЕДОРОВ.

## Оңуылықтердегі үгітшілер

Октябрь ауданы № 8 Дмитриев сайлау округінің үгітшілері сайлаушылар арасында үгіт-бұқаралық жұмысты кеңінен өрістетті. Олар оңуылықтерге келіп, халық соттарының сайлауы жөнінде Ереже, халық судьялығы мен халық заседательдігіне кандидаттың өмірбаяны және Советтік Конституцияның демократиялық принциптері туралы әңгімелер өткізіп жүр.

Ауданының Ново-Покровка селосында 20 үгітші жұмыс істейді. Олар Сталин атындағы колхоздың оңуылықтерінде және Торангүл МТС-нің механизаторлары арасында үгіт-көпшілік жұмысын мазмұнды ұйымдастырып жүр. Үгітшілер құрамы

сында үгіт-бұқаралық жұмыс ойдағыдай ұйымдастырылған. Үгітшілер, Миронов Хоржовлянец жолдасар өздерінің әңгімелерін совхоз жұмысшылары алдында тұрған шаруашылық міндеттермен ұштастырады. Мәселен Миронов жолдас европалық елдердің Москва Кеңесінде қабылданған Декларация жөнінде өткізген әңгімесінде көктемгі егіске әзірлік жұмысының барысы туралы мәліметті пайдаланып, жұмысшыларды бейбітшілік ісін қажырлы еңбектерімен нығайта беруге шақырды.

Көзір № 8 Дмитриев сайлау округінің сайлау пункттері дауыс беретін кабинеттермен және басқа қажетті жағдайлардың



ды. Ол ой, ол тілек, ел дәулеті, ел ырысы молай берсе екен, күн көріс, мәдени-тұрмыс бұдан да жақсара берсе екен деген бізге тән шынайы ой еді. Көзір комбайндарды келесі жылғы егінді жыйнауға әзірлеп жатырмын. Жөндеу жұмысында өзінің күндіз тапсырмаларымыз 150-180 проценттен орындап, тек бейбітшілік жолында еңбек ететіндігіміз, сол үшін аянбай күрес жүргізетіндігімізді білдіремін.

Митингіде көптеген механизаторлар, агрономдар, зоотехник мамандар шығып сөз сөйлеп, МТС коллективі Москва Кеңесі де қабылдаған Декларацияны бір-ауыздан қолдап, бейбітшілік ісіне қосқан үлесі ретінде МТС-тің ауылшаруашылық машиналарын мерзімнен бір ай бұрын орындап шығуға, сөйтіп келесі жылдың қала жұмыстарында жаңа, зор табыстарға жетуге міндеттенді.

## Кәсіподақ ұйымдарының есеп беру-сайлау жыйналыстары

Кәсіподақтың XI съезі қабылдаған Устав және КБСО секретариатының қаулысы бойынша ауыл шаруашылығы мекемелері кәсіподақ ұйымдарында үстемізге жылдың ноябрь айынан 1955 жылдың февраль айына дейін есеп беру-сайлау жыйналыстары өткізіледі. Көзір Октябрь, Колюхов, Петропавл, Ленин аудандарында бастауыш кәсіподақ ұйымдарының есеп беру-сайлау жыйналыстары өткізіліп жатыр.

Есеп беру-сайлау жыйналыстары жергілікті кәсіподақ ұйымдарының өміріндегі елеулі оқиға болып саналады. Есеп беру-сайлау жыйналыстарында кәсіподақ мүшелері Коммунистік партия мен Совет үкіметінің саясатын жүзеге асыру жөнінде ұйым жұмысының қорытындысын шығарады. Кәсіподақ ұйым басшыларының қызметін жан-жақты талдайы, ұйымның алда тұрған міндеттерін белгілейді.

Осыған байланысты кәсіподақтардың жыйналыстары мен конференцияларын ұйымдастыруда, жоғары дәрежеде, істі шешуге көмектесетін принципті сын мен өзара сын жағдайында өткізу қажет. Кәсіподақ конференциялары және жыйналыстары совхоздардың, МТС-тердің, элеваторлардың, орман шаруашылығы сол сияқты тағы басқа ауылшаруашылық кәсіпорны бастауыш кәсіподақ ұйымдарының жұмысын онан әрі жақсарту беруге көмектесетін болады.

Үстемізге жылы облыстың ауылшаруашылық еңбекшілері партия мен үкіметтің алға қойған міндетін жүзеге асыруда елеулі табыстарға ие болды. Тын және тыңайған жерлерді игеру жөніндегі тапсырма аброймен орындалды, келесі жылдың егісі үшін көптеген совхоздар мен МТС-тер пар және зыб жұрту жоспарларын толық орындады. Бұл жұмыстарды жүзеге асыруда партия мен үкімет орасан зор көмек көрсетті. Совхоздар мен МТС-терге жеткілікті мөлшерде ауылшаруашылық жаңа машиналар, тың және тыңайған жерлерді игеру үшін мыңдаған жас патриоттар жіберілді.

Үстемізге жылы совхоздар мен МТС-тердегі жұмысшылар комитеттерінің председателдері басқа жұмыстан ауыстырылған қызметкерлер есебінен ығыайтылды.

—Адам деген дүниедегі ең қымбат қазына,—деді дәрігер Е. Коваленко жолдас, біз совет дәрігері, адам өмірін сақтауға, өлімге қарсы күресіп келеміз. Совет медицинасында ашыған әрбір жаңалық қарапайым совет адамдарының көп өмір сүруіне, оның аман сау болуына қолданылады. Қан төгіс, қырғын соғыс—бәрімізге ортақ жау. Біздің бәріміздің өмір сүріміз келеді, өмір рахатын жәртіміз келеді. Сондықтан да Москва Кеңесінде өткізілген еуропалық елдердің Европада бейбітшілік пен хауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі қабылдаған Декларациясын қуаттайтындығымызды білдіремін. Егер қалқұмар империалистер адам қанынан ұытты ұртын толтырмақ бола қалса, оларға халық жазасы біреу ғана. Ол— бас көтерместей өлтіре соққы беру.

Мұнан соң колхоз председатели Попов

тоқталды. Сөзінің соңын ол, әрбір азаматтың еңбек табысы бейбітшілікті нығайта түседі, сол жаңа табыстарға жетелейік, деп аяқтады.

Митингіге қатысушылардың барлығы Москва Кеңесінің қабылдаған Декларациясын қызу құптады. Еңбекшілер бейбіт өмірді тілейтіндігін, жайқалған елн өсіріп, колхоз ауылын гүлдендіргісі келетіндігін, соғысқа мүлде қарсы екендігін, егер соғысқұмарлар әлемге бүліншілік шығара қалатын болса, өздері қазған орта өздері қамілетіндігін айтты.

Москва Кеңесінің қабылдаған Декларациясын талқылауға арналған митингілер ауданның басқа колхоздарында да, совхозы мен МТС-терінде де қызу өтіп жатыр. Олар жаңа соғысқа қарсы. Бейбіт өмірді тілейді.

тапсырмадан тыс көмір бере бастады. Көзір мұндағы әрбір жұмысшы отынды 1950 жылдағыдан бір жарым есе көп шығарды. Бұл уақыттың ішінде «Доббасс» комбайндарының жұмыс өнімділігі өмі еседей артты. Бесжылдықтың басынан бәрі екі миллион сомнан аса қаржы үнемделді. Шахтаның жобалық қуаты артығымен мейгерілді.

№ 7 шахтаның кеншілері жылдық программаны орындағандықтары туралы рапорт берді. Жер астындағы бұл кәсіпорында «Доббасс» комбайнының жұмыс өнімділігі айына 16 мың тоннаға дейін жетті. Мұның өзі «Қарағандууголь» комбинаты шахталарындағы комбайндардың орта жұмыс өнімділігінен екі есе артық.

### МЕХАНИКАЛАНДЫРУ УЧИЛИЩЕЛЕРİNДЕ

ЖАМБЫЛ. (ҚазТАГ). Облыстың тың жерлерінде ұйымдастырылып жатқан жаңа астық совхоздарына арнап механизаторлар даярлау жұмысы басталды. Көше Луговой жылқы заводының жанындағы күре жұмыс істеуге әзіресті. Онда болашақ 30 тракторшы мен комбайншы оқып жүр. Қордай ауданында да «ДТ—54» және «С—80» тракторларының осының ма болашақ тракторшылары оқып жатыр. Тың және тыңайған жерлер игеру жұмысын атқаруға тілек білдірген көптеген жас патриоттар ауыл шаруашылығын механикаландырудың Жамбыл училищесіне жіберілді. Ленин және Мерке көй совхоздарында жоғары маман тракторшылар, комбайншылар және трактор егіс бригадаларының бригадирлерін даярлайтын мектептер ашылды. Курсанттар үшін бай техникалық база жасалған, жатақханалар бөлінген, асханалар жабдықталған.

Көктемгі егіс науқанына дейін жаңа астық совхоздарына арналып бірнеше мамандығы бар 290 механизатор даярланады.

### ЖАҢА ЖЕРЛЕРГЕ

ШЫМБЕНТ. (ҚазТАГ). Оңтүстік Қазақстанның тың жерлерінде төрт астық совхозы ұйымдастырылып жатыр. Көше алғашқы жаңа қоныстанушылар шаруашылықтың басшы қызметкерлері келді. Олар кеңбайтақ Отанымыздың ортураі түшкірлерінен келді. Жданов атындағы совхоздың директоры Дегтярев жолдас ССРО Ауылшаруашылық министрлігінде басшы қызметте болған, бас инженер Топоров жолдас РСФСР Ауылшаруашылық министрлігінің бөлімін басқарған, «Алғабас» совхозының директоры Александров жолдас Белоруссиядан, осы шаруашылықтың инженер-құрылысшысы Корсаков жолдас Ленинградтан келді.

Жаңа совхоздарға өлімділік кәсіпорндарынан машиналар, жабдық, құрылыс материалдары әкелініп жатыр. Горькийдің автомобильшілері кәзірдің өзінде оңдалған жүк және жеңіл автомашиналар келтірді, Бостромадан төрт пәтерлі жүрестірілмалы үйлер алынды. Шымбент вагон депосы совхоздарға жатақханаға арнап қайта жабдықталған 32 вагон жөнелте бастады.

Жаңа совхоздар келесі жылдың өзінде 40 мың гектар тың жерге бидай егеді.

тер және партияда жоқ интеллигенттер есебінен толықтырылды. Таңдаулы үгітшілер Солодовников, Сычев, Аносов жолдасар өз уақыттарында жиі болады. Сайлау округінің барлық пункттерін сайлаушыларға арналған лекциялар, баяндамалар, әңгімелер жиі-жиі өткізілуде. Октябрь совхозының жұмысшылары ара-

## Оқытушылар колхозшылар арасында

Баян орта мектебінде (Преснов ауданы) 40-қа жуық оқытушылар жұмыс істейді. Олар өздерінің коммунизмнің болашақ құрылысшылары—жастарға білім беруден бірге еңбекшілер арасында советтік озып мәдениетті де таратуға міндетті әкендіктерін толық түсіне отырып, колхоз еңбекшілерінің мәдени қажеттерін үлгілі өтеуге үзбей ат салысып отырады. Колхозда оқытушылардың басшылығымен және белсене қатысуымен көркемөнерпаздар үйірмесінің концерттері мен сауық кештері жиі өткізіледі.

Оқытушылар халық соттарының сайлауы қарсаңындағы үгіт-бұқаралық жұмыстарға да үзбей қатынасуда. Көзір барлық оқытушылар сайлаушылар арасында үгіт-

мысқа да белсене қатысуда. Село көркемөнерпаздарының және үгітшілердің күшімен сайлау күні сайлаушылар үшін концерттер беріледі, халықаралық жағдай туралы әңгімелер өткізіледі, баяндамалар жасалады.

А. КУМИНОВ,  
Марьевка селосы.

## Оқу үйі және сайлаушылар

Октябрь ауданындағы Социал ауылдық оқу үйі еңбекшілердің күн санап өсіп отырған мәдени тілектерін өтеп отыруда игілікті жұмыс істеп келеді. Оқу үйін комсомол мүшесі К. Баянтаев жолдас басқарады. Ол көзір Ақтөбегегі мәдени-ағарту-қызметкерлерін даярлайтын училищесіне сырттан оқып жүр. Оның өз білім дәрежесін үзбей көтеріп отыруы оқу үйіндегі жұмысты жақсы ұйымдастыруға көп көмек көрсетуде. Оқу үйінде колхозшылардың бір мезгіл мәдениетті түрде тынығуы үшін барлық жағдай туғызылған. Жасында жаңа радиоқабылдағыш және шахмат, дойбы сағып алынды. Сол сияқты оның кітап қоры да жаңа әдебиеттермен толықтырылды. Қолда бар кітаптардың тезімі алынып, жұршылықтың керекті кітаптарын алып оқуына қолайлы жағдай жасалған.

Оқу үйінің тұрақты активтері бар. Мәселен колхозшылар Ж. Дәулетбаев, К.

Әбілқайытов, механизаторлар М. Әбілмәжінов, К. Зкірқи, Р. Раббаев жолдасар оқу үйінің тұрақты кітап оқушылары бола отырып, оның жұмысын дұрыс жолға қоюға да белсене араласады. Оқу үйінде қабырға газеттері мен жауынгерлік листоктер уақытында шығарылып, әр түрлі тақырыптарға фотомонтаждар жасалады. Оларда колхоз өмірі мен шаруашылығындағы жаңалықтар көрсетіліп отырылады.

Оқу үйі халық соттары сайлауы қарсаңындағы үгіт-бұқаралық жұмыстарға да ат салысуда. Колхоз үгітшілері өздерінің өткізетін әңгімелеріне қажетті әдебиеттерді оқу үйінен үзбей алып отырады. Сайлаушылар оқу үйіне жыйналып газет, журналдар оқиды, шахмат, дойбы, ойнап, радиоқабылдағыш арқылы әр түрлі хабарлар мен концерттер тыңдайды.

К. ҚҰРМАНҒАЛИЕВ.

## Колхозды ауылда

«Бұлақ» ауылшаруашылық артелінің (Ленин ауданы) жақсы жабдықталған үгіт пунктінен сайлаушыларды арқашан көптеп көруге болады. Мұнда колхозшылар, оқушылар, ауыл шаруашылығының мамандары газет, журнал оқиды, шахмат, дойбы ойнайды. Кейбіреулері өздерінің көкейтесті мәселелер жөнінде консультация алады. Олардың барлығы да ағымдағы өмірге, халықаралық жағдайға, халық соттары сайлауларына көңіл аударады.

Үгіт коллективінің жетекшісі Қайранас Мақұмов жолдас үгітшілермен жиі-жиі семинар-кеңес өткізіп тұрады. Онда советтік сайлау системасы, ССРО Конституциясы, Қазақ ССР халық соттарының сайлауы

туралы, ауылдағы саяси үгіттің жайы туралы баяндамалар жасалады, үгітшілер өз тәжірибелерімен ауысады.

Оқу үйінің меңгерушісі Дайыржан Ыбыраев, оқушылар Құрман Тәшебаев, Лидия Трубицина жолдасар өздеріне берілген оңайлықтарда соңғы бір айда 6—7 рет болып, сайлаушылармен көптеген әңгімелер өткізді. Бұл күндері үгітшілер сайлаушыларды № 5 Корнеевка сайлау округі бойынша халық судьялығына кандидат етіп ұсынылған Валентина Афанасьевна Брусевичтің және халық заседательдігіне ұсынылған кандидаттардың өмірбаянымен таныстыруда.

Р. ҚАСЕНОВ.



# Жемшөпті ұқыпты жұмсап, малды қыстан күйлі шығарайық!

## ★ Совхоздарда мал қыстату үлгілі ұйымдастырылсын

СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің алдына қойған негізгі міндеттерінің бірі мал шаруашылығын оған әрі өркендету болды. Облысымыздың алдыңғы қатарлы совхоздары, олардағы озат мал шаруашылығының өнімі де арта бастады. Бұған бір қатар мысалдар келтірейік.

Соңғы уақытта облыс совхоздарының бір қатарында аналық малдың саны бұрынғыдан едәуір көбейді. Барлық түлік төл есебінен өсті. Оларда малды бағу, күту ісі жақсарды. Осының нәтижесінде мал шаруашылығының өнімі де арта бастады. Бұған бір қатар мысалдар келтірейік.

Облыс совхоздарында үстіміздегі жылдың бірінші декабріне дейін өткен жылғы осы мерзімдегімен салыстырғанда мемлекетке сүт тапсыру жоспары 36 процент, ет тапсыру 34 процент, жүн тапсыру 33 процент артық орындалды. Совхоздар тәрізі бойынша әрбір сауын сыйырдан 303 литрден сүт, әрбір қойдан 800 граммнан жүн артық алынды. Етті көп беретін сыйыр, қой, шошқа тұқымдары көбейе түсті.

Сыйыр сауу шеберлері санының көбеюі, не, сауын сыйырлардың құнарлы азықпен қамтамасыз етілуіне байланысты бийлы облыс совхоздары мемлекетке сүт тапсырудың жылдық жоспарын мерзімінен бұрын орындап шықты. Бұл күндері сауыншылар жыл аяғына дейін мемлекетке 25 мың центнер сүт тапсыруға міндеттеніп, оны орындау жолында өзара социалистік жарысты жеңіп өрістеді.

Мамлют асыл тұқымды мал совхозы сауыншыларының еңбегі үлгі аларлықтай. Бұл совхоздың сауыншылары совхоз бойынша быйыл әрбір сауын сыйырдан 3620 литрден сүт алып, республикамызда бірінші орынға ие болды. Ал осы совхоздың сауыншысы М. Дик жолдас әрбір сыйырдан 4708 литрден, Ж. Есенова жолдас—4026 литрден сүт сауып, басқаларға еңбек өнімділігін арттырудың тамаша үлгілерін көрсетуде.

Осы сыяқты мал шаруашылығында озат табыстарға жеткен облысымыздың совхоз жұмысшыларынан 220 адам Бүкілодақтық ауыл шаруашылық көрмесінде болды. Көзір олар өзіміздің мал шаруашылығын озаттарының іс тәжірибелерін өздерінің практикалық жұмыстарына творчестволықпен қолдану жөнінде аяқбай еңбектенуде.

Көзір мал шаруашылығын өркендетудегі шешуші кезең—мал қыстату маусымы басталды. Бұл мал шаруашылығындағы жұмысшылардың өз ісіне жауаптылығын бұрынғыдан да арттыра түсуін талап етеді. Олар, әресе малды қыста күту, азықтандыру, мал азығын ұқыпты жұ-

сауға ерекше назар аударуға тиіс. Өйткені малдың қыста қонды шығуы, сыйырлардың сүттілігі жаздағыдан кемітпеуі осыған байланысты. Мұны Мамлют асыл тұқымды мал совхозының, Преснов совхозының мал өсірушілері өздерінің практикалық істерімен дәлелдеп келеді.

Мамлют совхозының жұмысшылары жыл сайын мал азығының мол болуын қамтамасыз етуде. Соның нәтижесінде сауын сыйырлардан алынатын сүт мөлшері қыста да жаздағыдан кем түспейді. Сауын сыйырлардан сүтті мол алу жөнінде Преснов совхозының коммунист Шени жолдас басқаратын табына да тамаша көрсеткіштерге ие болуда. Оларда әрбір сауын сыйырға дайындалған құнарлы азық 4 тоннадан асады, жемшөптің көпшілігі мал қораларына тасылып жеткізілген. Мал қораларында автоматты суарғыштар, аспалы жолдар бар. Барлық мал қоралары электр жарығымен қамтамасыз етілген. Мұндағы сауыншылар мен мал күтушілер әрбір сыйырды қонына, беретін сүт мөлшеріне қарай азықтандырады. Бұл совхоздың мал қыстату маусымын үлгілі өткізіп, мал шаруашылығы өнімділігін арттыра беруге жағдай туғызып отыр. Сондай-ақ мал қыстату ісі Явленка, Торангүл, Киров атындағы совхоздарда да ұйымшылдықпен жүргізіліп келеді. Дегенмен айта кету керек, көптеген совхоздар мал қыстатуды толық әзірленбей бастады. Олардың директорлары мен бастауыш партия ұйымдарының секретарьлары мал шаруашылығына көңіл бөлмеді, мал азығын дайындауға, мал басын аман сақтауға, оның өнімділігін арттыра беруге жауапсыз қарады. Буденный атындағы совхоздың директоры Тухмысов жолдас мандығы жөнінде зоотехник. Демек ол мал шаруашылығын өркендету мен оның өнімділігін арттыруда малазық қорының шешуші роль атқаратындығын жақсы түсінеді. Сөйте тура, бұл іске ол жауапсыз қарауда. Совхоз малына қажетті жемшөптің 57 проценті ғана дайындалған. Соның өзінде шабылған пішеннің біразын мал жеп, талтап тастады, егіннің сабаны, жемазықтық қызылша жыйналмай қалды. Жемшөптің жетпеу хаулі Қыялы, Степной, Ұзынкөл совхоздарында да бар.

Қысқа үлгілі әзірлік дегеніміз—тең қана жемшөптің көп болуы ғана емес, сонымен бірге оның ұқыпты және үнемделіп жұмсалуды. Бірақ үнемдеу дегенді қате түсінудің те бар. Мысалы, Қарағанды, Ұзынкөл совхоздары өткен жылы дайындалған пішеннің қаншасы мал қоралары жанына тасылғанын, малға күніне қанша шөп жұмсалатынын тынақты есепке алмады да, қыс аяғында пішен жетпейтін

болғандықтан «үнемдеуге» кірісті. Мұндай «үнем» малдың қоны төмендеп, алына-тын өнімінің мүлдем азаюына соқты. Міне, осы сыяқты қателіктің қайталанбауы үшін мал қорда тұрған алғашқы күннен бастап жемшөптің норма бойынша жұмсалуды және оның талап-тарапқа түспеуін қамтамасыз ету қажет.

Мал азығының ұқыпты сақталып, дұрыс жұмсалуды үшін пішеннің мал қораларына түгел жеткізілуі ерекше роль атқарады. Бірақ осындай маңызды іске бір-сыпыра совхоздардың басшылары жауапсыз қарап келеді. Атап айтқанда, Петропавл, Тоқшын, Ұзынкөл совхоздарында бұл жұмыс мүлде артта қалуда. Аталған совхоздардың басшылары аз дайындалған жемшөптің қыс қар астында қалып, ысырап болуына көріне жол беріп отыр деген сөз. Сонымен бірге қыс боранды күндері таладан дайын пішенді өкелуге мүмкіншілік болмай, малдың аш тұратын күндері де кездеседі.


Мал қыстатудағы мұндай кемшіліктерге төзуге болмайды. Сондықтан совхоз директорлары мен бастауыш партия ұйымдарының алдында тұрған аса жауапты міндеттердің бірі дайындалған жемшөпті декабрь айы ішінде мал базалары жанына түгел тасып жеткізу болып табылады.

Малға сабан беру мал азығы қорын байыта түседі. Осы себепті совхоз басшылары сабанды ұнтақтау, буландыру және концентрат қосып нәрлендіру ісін мұқият ұйымдастыруға тиіс. Сонда мұны мал сүйсініп жейтін болады. Сонымен бірге барлық совхоздарда да мал шаруашылығы өнімділігін кемітпеу үшін қазірден бастап малға сүрленген азық бере бастау керек.

Мал шаруашылығының өркендеуінде мал өсірушілер шешуші роль атқарады. Сондықтан мал өсіруші кадрларды дұрыс іріктен орналастыру және олардың талап-тілектерін толық қанағаттандыру шарт. Партия ұйымдары фермаларда қызыл мүйістер болуын және олардың газет, журнал, кітаппен, радиомен қамтамасыз етілуін ұйымдастырулары керек.

Мал қыстату—мал шаруашылығының аса бір жауапты кезеңі. Сондықтан жергілікті партия, комсомол ұйымдары және совхоз жұмысшылары бұл кезеңнің ойдағыдай өтуі үшін істегі кемшіліктерді шұғыл жаудың шараларын жүзеге асырулары қажет. Сөйтіп мал шаруашылығын өркендету беру жөніндегі партия мен үкметіміздің нұсқаулары әрбір совхозда толық орындалуы керек.

**В. БОЙЧЕНКО,**  
ҚКП облыстық комитетінің совхоздар бөлімі меңгерушісінің орынбасары.



«Комсомолка» тігін фабрикасында матаны жідішкелеп қиятын жаңа машина орнатылды. Онымен фабриканың озат жұмысшысы комсомолка Мария Руденко жолдас жұмыс істейді. СУРЕТТЕ: М. Руденко жолдас жаңа машинамен жұмыс істеп тұр. Суретті түсірген А. Розенштейн.

## Бесжылдықты мерзімінен бұрын орындау үшін

Петропавл паровоз депосының машинистері халық шаруашылығына қажетті жүктерді мерзімінде және көп тасу жолындағы социалистік жарысты барған сайын өрістете түсуде. Олар астанамаыздың озат кәсіпорындарының бесінші бесжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындап шығу жолындағы социалистік жарысты өрістетуге шақырған игілікті бастамасына бір кісідей үн қосып, еңбекте жаңа өрлеу туғызды.

Озат машинистер Герман Демидов, Иван Корнев, Антон Слюнько, Иван Замковой, тарты басқа да ондаған өндіріс озаттары үстіміздегі жылдың өзінде жоспардағыдан артық жүк тиелген ауыр салмақты поездар санын көбейтіп, мыңдаған тонна халық шаруашылық жүктерін артық тасымалдап, мемлекеттің миллиондаған сом қаржысын үнемдеуді міндеттенген еді. Олар алған міндеттемелерін аброймен орындап келеді.

Өндірісте еңбектің озат үлгісін көрсетіп, коллектив құрметіне бөленген аға машинист Антон Слюньконың есімі бүкіл Омбы теміржолында мақтанышпен аталады. Оның машинист болып істей бастағанына быйыл 20 жыл толды. Көп жылдар адал еңбек еткен машинист локомотив жүргізудің техникалық жағдайын жете үйренді. Онымен бірге, ол техниканы жақсы күтіп сапарға шыққанда графикте көрсетілген ережелерді бұлжытпай орындап отыруға жетті. Еліміздің ауыр жүк тиелген составтарды алып жүруші озаттары Криванос, Влинов, Луниң жолдас-тардың іс үлгісін ол терең зерттеп, өз жұмысына практикада пайдалана білді.

Депо паровозшыларының Советтік Конституция күні қарсаңындағы социалистік жарысына Слюнько жолдас та ал-

23 ауыр жүк тиелген составты Петропавл станциясынан Есілкөл және Макушин станцияларына графикте белгіленген мерзімнен едәуір бұрын жеткізді. Сонымен бірге халық шаруашылығына қажетті 4245 тонна жүкті жоспардағыдан артық апарды.

Аға машинист Слюнько жолдас сапарға шыққанда жолдағы станциялардан қосымша су алуға тоқталмастан өтіп, уақыт үнемдеу әдісін де кең қолданады. Ол ноябрь айында 13 рет сапарға шығып қосымша су алуға бірде-бір станцияға тоқталмай өтті және 11,4 тонна отын үнемдеді.

Слюньконың локомотиві үстіміздегі жылғы жазда көтеріп жөндеуден өткізілген еді. Сол уақыттан бері ол 50 мың километр жол жүрді. Ал қазірде де локомотивтің техникалық жағдайы жақсы. Өлі де болса, жөндеуге тоқталмастан ондаған мың километр жол жүріп, халық шаруашылығына қажетті мыңдаған тонна жүк тасымалдайды.

Көп жылдар бойы темір жол транспортында адал еңбек етіп, халық шаруашылығына қажетті жүктерді мерзімінде және көп тасыған аға машинист Слюнько жолдас еңбегі жоғары бағаланды. Ол екі рет Еңбек Қызыл Ту орденімен, Еңбектегі Ерлігі үшін медалімен, құрметті теміржолшы, озат паровозшы значектерімен наградталды. Сонымен бірге Омбы темір жолы және Петропавл темір жол торабы басшыларынан бірнеше рет алғыс және ақшалай, заттай сыйлықтар алды.

Бұл күндері паровоз депосының барлық озат машинистері ССРО-ны өркендетудің бесінші бесжылдық жоспарын мерзімінен бұрын орындап шығу үшін өздері-

## РЕДАКЦИЯҒА ХАТ

### Құрылыс жұмыстары неліктен ұзаққа созылып отыр?

Преснов ауданындағы Ленин атындағы ауылшаруашылық артелінің басшылары (председателі Мақышов жолдас) колхозшылардың өскелең мәдени тілегін тыңғылықты өтеу мәселесі аса зор көңіл бөлетін маңызды жұмыстардың бірі екенін жете түсіне алмай келеді. Мұны мына фактінің өзінен-ақ айқын көруге болады.

Өткен, 1953 жылдың апрель айы ішінде колхозда клуб үйін салу қолға алынды. Егер колхоз және ауылдық Совет басшылары бұл іске жете маңыз берсе, онда клуб құрылысын неғұрлым аз уақыт ішінде аяқтап, пайдалануға беруге колхозда мүмкіншілік бар еді. Бірақ істің жайы бұлай болмады. Клуб құрылысы күні бүгінге дейін аяқталған жоқ. Тіпті мұнда құрылыс жұмысы мүлде тоқтатылған, клубтың шатыр ағаштарын, терезелерін қ.м көрінген алып кеткен. Колхозға бара қалсаңыз шатырдың жартысы ғана бар, сырты сыланбаған, есік-терезелері қыйрап қалған «клуб» үйін көріп қынжыласыз.

Бірақ бұл құрылысты күн сайын көріп, көзі үйренген колхоз председателі Мақышов жолдас бұған қынжылатын емес. Ол клуб салуда жұмыс істеп жүрген құрылысшыларды бір күні жыйнап алды да, клуб салуды дереу тоқтатып, Октябрь бригадасындағы дәрігерлік пункт үйін қера-қопсысымен колхоз орталығына көшіріп салу жөнінде бұйрық берді. Клуб төбесін жабу үшін біржарым жылдан бері таба алмай жүрген шиферды да дереу тартып берді. Аз күн ішінде үй құрылысы аяқталып, колхоз председателі Мақышов жолдас Октябрь мерекесін осы жаңа үйде мерекеледі. Сөйтіп, мәдени тілектерін тыңғылықты өтеу, клуб үйін салуды аяқтап, пайдалануға беру жөнінде колхозшылардың қойған орынды талабы орындалмай қалды.

Клуб үйі құрылысының ұзаққа созылуын колхоз басшыларының колхозшы шаруалардың мәдени тілегін орындаудағы гөрі жеке басының қамын көбірек ойлайтынынан деп түсіну үшін осы фактінің өзі жеткілікті.

Бұл жағдайды колхоз бастауыш партия ұйымының секретары Тасболатов, ауылдық Советтің председателі Асылбеков жолдас-тар да жақсы біледі. Солай бола тұрса да олар колхозды ауылдың мәдениет орталығы —клуб үйінің құрылысын аяқтау мәселесіне назар аударуды қажет деп таппай отыр.

**С. ТӨЛЕГЕНОВ.**

### Әскерусіз қалған кітапхана

Ленин атындағы колхоздың (Октябрь ауданы) 3 бригадасында кітапхана ұйымдастырылып, оның меңгерушілігіне К. Маканова жолдас тағайындалды. Содан бері жеті айдай уақыт өтті. Бірақ бұл кітапхананың тыңғылықты жұмыс істеуін қамтамасыз етуді, оған қолайлы үй беріп,



Мал қыстатуы — мал шаруашылығын өркендетудегі ең жауапты кезең. Міне сондықтан да біздің колхоздың ақушелері мал қыстатуды үлгілі өткізуге әзірлік жұмыстарын ұйымшылдықпен жүргізді. Колхозда қорамдық мал үшін 11,5 мың центнер шөп, 650 центнер концентрат, 500 центнерден астам сүрленген жемшөп және едәуір мөлшерде сабан-топан әзірленді. Барлық фермалардағы қоразар, төл тұратын үйлер сапалы жөнделді. Малшылар тұрғын үйлермен, жылы киім-кешекпен қамтамасыз етілді. Мал қолда-қорада күтіле бастағанға дейін мал қораларының жанына 5 мың центнерге жуық шөп және жүзлеген центнер сабан-топан тасылып үйді.

Мал қорада жүтілердің алдында жолхоз басқармасы мал өсірушілер мен зоотехниктерді қатыстыра отырып, малдарды

қоңдылығына, жасына қарай бөліп күтудің тәртібін белгіледі. Сонымен бірге, малды азықтандыру нормасы жасалды. Азықтандыру нормасын жасауда малға берілетін азықтың әртүрлі болуы ескеріліп отыр. Әресе сауын сыйырларды азықтың ең құнарлы түрімен азықтандыру қарастырылды. Өткен жылдарда қыстың алғашқы кезінде сауын сыйырларға көбінесе шөп пен сабан ғана беріліп жүрді. Ал сүрленген шөп оларға қыстың аяқ кезінде берілетін болды. Мұның өзі сыйырлардың сүттілігінің кемуіне әсерін тигізіп келді. Осы кемшіліктерді қайталамас үшін біз былай сүрленген жемшөп қамбаларын ерте ашып, оны малға қыстың алғашқы күнінен бастап басқа азықтармен қатар қоса беруді ұйғарған едік, кәзір сол ұйғарындыны жүзеге асырып

келеміз. Сондықтан әзірге сүт мөлшері кеміген жоқ.

Мал өсірушілер мал азығын үнемдеп жұмсауға ерекше назар аударуда. Өрбір фермаларда мал жемін күнбе-күн өлшеп беріп отырағын арнаулы адам бар. Олар алғашқы күннен бастап өз міндеттерін ұқыпты атқарып жүр.

Малшылар малды күту, азықтандыру жұмыстарын фермаларда тағайындалған жұмыс күнінің тәртібі бойынша жүргізеді. Біз мал қыстатуды алғашқы күннен бастап үлгілі ұйымдастыруды өзіміздің маңызды міндетіміз деп санаймыз. Өйткені бұл қорамдық мал шаруашылығын өркендету беруімізге жағдай жасайтын болады.

**М. ҚҰСАЙЫНОВ,**

Совет ауданы, Аманкелді атындағы колхоздың председателі.

11 табыспен мереке күнін қарсы алды. Өткен ноябрь айында Слюшко жолдас

**С. БЕЙСЕНБАЕВ.**

### Жол құрылысын тез аяқтаймыз

Елімізде тың және тынайған жерлердің көп игерілуіне байланысты Коммунистік партиямыз бен үкметіміз әрбір аудандар мен селолар арасындағы жол құрылысын жақсартуға ерекше көңіл бөліп, құрылысты тез бітіруге қажетті жағдайдың барлығын жасап отыр.

Үстіміздегі жылы Петропавл қаласында «Главдорстройдың» № 1 құрылыс басқармасы ұйымдастырылды. Бұл құрылыс басқармасы облыс орталығынан алыс аудандар арасындағы жол құрылысын тездету мақсатымен қыс күндерінің өзінде құм, тас тағы басқа да қажетті материалдарды дайындауға кірісті.

Құрылыс басқармасына және оның жол

пайдалану участбктеріне Отандық жаңа техника: экскаваторлар, бульдозерлер, скреперлер күн сайын көптеп келтірілуде.

Жол пайдалану участоктерінде жұмыс істеуге талап білдірген жұмысшылармен бірге, армия қатарынан оралған солдаттар мен матростар да көптеп келіп, құрылыс жұмыстарына белсене қатысып жүр.

Марьевка-Петропавл жол пайдалану участогінде де жақын арада жол бойына құм, тас тасымалдау, көпірлерді жөндеу жұмысы басталады. Жол құрылысының барлық коллективі жолды тез, тәзімді етіп салып шығу үшін күресуде.

**А. БЕЗДЕНЕЖНЫХ,**  
Құрылыс технигі.

Кітапхананың мәдени-бұқаралық жұмыстарды идеялық жоғары дәрежеде жүргізуіне колхоз бастаушы партия ұйымының тарапынан да жеткілікті көмек көрсетілмейді. Бақылаудың жоқтығымен пайдаланған кітапхана меңгерушісі Маканова жолдас өзіне жүктелген міндетті атқаруға мүлде жауапсыз қарап жүр. Ол кітаптарды үйіне алып барып үйіп қойған, кітап сұрай барған колхозшыларға тілеген кітаптарын тауып бере қоймайды.

Колхоз басшылары бригадала кітапхана ұйымдастырлық деген жақсы атаққа ғана мән болып қоймай, кітапхана үшін арнаулы үй бөліп, оның мәдени-ағарту жұмыстарын колхозшылардың тілегіне сай жүргізіп отыруын қамтамасыз етулері керек.

**Ш. МЫРЗАХМЕТОВ.**

## Мемлекеттік аппараттың жұмысын жетілдірейік

Кәзіргі уақытта мемлекеттік аппараттың жұмысын оған әрі жетілдіру, ұйымдастыру структурасындағы және штатты артық ұстаудағы елеулі кемшіліктерді жою жөніндегі шаралар жүзеге асырылуда. Мемлекеттік бюджеттегі басқару аппаратын ұстауға жұмсалатын шығынның арасалмағы үнемі қысқартылуда. Егер 1938 жылы бұл мақсатқа жұмсалған қаржы барлық шығынның 4,4 проценті, 1950 жылы 3,4 проценті мөлшерінде болса, үстіміздегі жылы 2,5 проценті мөлшерінде болды.

Соңғы екі жыл ішінде облысымыз бойынша өкімшілік аппаратының штатты жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын ұйымдар бойынша алғашқы өзінде 233 адамға қысқартылды. Сол арқылы бір миллион 264 мың сом қаржы үнемделді. Егер бұл уақыт ішінде облыстың барлық халық шаруашылығындағы өкімшілік аппаратының едәуір қысқартылғандығын еске алатын болсақ, онда үнемделген қаржының сомасы едәуір артады.

Алайда, осыған қарамастан өкімшілік басқару аппараты әлі де зор. Оның ұйымдастырушылық структурасында және шаруашылық жұмысында кемшіліктер көп болып отыр. Тексеріс жүргізілген 522 ұйымда 134 ірі бұрмалаушылық болып көлгендігі анықталды. Яғни штаттан тыс 103 қызметкерге 227 мың 476 сом еңбекақы төленген. Командировкаға, кенсе-почта шығындарына, телеграммага және басқа да шығындарға қаржының едәуір артық жұмсалғанына жол берілді. Тек тексеріс жүргізілген ұйымдардың өзінде ғана өкімшілік аппаратын ұстауға заңсыз жұмсалған қаржының жалпы сомасы 700 мың сом болды.

Смета-штат тәртібін бұрмалаудың мынадай фактілері де байқалып отыр. Қаладағы шойын-күю таразы заводында механикалық цехтың сметна мастері есебі-

нен завод директоры Петров жолдасының өз қарамағындағы жеңіл автомашинаның шоферы жұмысқа алынған. Мұнымен бірге «Қазметаллопром» тресі басқарушысының бұйрығы бойынша Петров жолдасқа оның өзінің автомашинасын пайдаланғаны үшін 1305 сом қаржы төленген. Заводта бас механика бөлімінің есепшісі орнына секретарь-машинистка қызметке қабылданып, он ай ішінде оған 3690 сом еңбекақы төленген.

Оразов жолдас директор болып істейтін сыра заводында осы жылы январдан октябрь айына дейін штаттан тыс жеңіл автомашинаның шоферы мен құрылысшы-техник ұсталған, оларға 8170 сом еңбекақы төленген. Жол қызметінің бесінші дистанциясында штаттан тыс 10 қызметкер алынған. Ал асханалар мен ресторандар тресінде штаттан тыс жұмыс істейтін 5 адам бар. Мұндай фактілер бірен-сараң ғана емес.

Партиямыз бен үкметіміз мемлекет аппаратын үнемі жақсартуды және арзандатуды барлық партия, совет шаруашылық және кәсіподақ ұйымдарының аса маңызды міндеттерінің бірі етіп қойды. Мемлекеттік аппаратты қайткенде де үнемді ету оның барлық звеноларында тәртіпті және оперативтілікті қолдану, әрбір қызметкердің өзіне тапсырылған іске жауапкершілігін арттыру қажет, аппарат пен бұқараның байланысын мейлінше күшейте отырып, жұмыстағы кеңсешілік-төрешілік стилге қарсы батыл күрес жүргізу керек. Өкімшілік аппаратын қысқарту арқылы жұмыстан босатылған қызметкерлерді өндіріске пайдалану, ал үнемделген қаржыны өндірісті кеңейтуге, салықтың өл-ауқат дәрежесін арттыруға жұмсау қажет.

Облысымызда өкімшілік аппаратын қысқартудың жолда бар резервтері толық пайдаланылмай отыр. Өкімшілік-басқару

аппараты штатының үлкен болуы көбінесе бір міндетті атқаратын бір-біріне ұқсас ұйымдардың, қатарласа жұмыс істейтін звенолар мен ұсақ бөлімшелердің болуына да байланысты.

Соңғы уақытта дейін Дайындау министрлігінің системасындағы зиянды жөндіктерге қарсы күрес жөніндегі облыстық басқарма жұмыс істеп келді. Оның штатында 22 адам бар. Оларға жылына төленетін еңбекақы мөлшері 146 мың сом, өкімшілік-басқару шығындарының қоры 52 мың 640 сом болды. Мұнымен қатарласа Сауда министрілігінің системасындағы Бүкілодақтық дератизациялық-дезинсекциялық «Главхолд» станциясының Петропавл бөлімшесі жұмыс істейді, оның 3 қызметкері бар. Бұл мекеме де алғашқы аталған мекеме сияқты зиянды жөндіктерге, құрттарға және тамақ заттарының басқа да зиянды құрттарына қарсы күрес жүргізеді. Ол штатты бастама бойынша қаладағы 22 өндірістік сауда кәсіпорындарын қамтыды. Петропавл қалалық санитарлық-эпидемиологиялық станция жанындағы штатында 17 адамы бар шаруашылық есептегі профилактикалық дезинсекция бөлімшесі де осы жұмыспен шұғылданады.

Сөйтіп, зиянды жөндіктерге қарсы күрес жүргізу жөніндегі жұмыстарды 3 бірдей ұйым жүргізеді, ал олардың жылына жұмсайтын қаржысы 312 мың сом. Рас, зиянды жөндіктерге қарсы күрес жөніндегі облыстық басқарма кәзір ажыратылуда. Бұл өте дұрыс. «Главхолд» станциясының бөлімшесін де ажыратуға өбден болар еді. Өйткені оның қызметін қалалық санитариялық-профилактикалық дезинсекция бөлімшесі де атқара алатын.

Барлық аудандарда санитарлық-эпидемиологиялық станция бар. Оларды ұстау үшін жыл сайын 1 миллион 145 мың сом

қаржы жұмсалды. Сонымен бірге бес ауданда безгекке қарсы күрес станциялары жұмыс істейді, ал бұларды ұстау үшін жыл сайын 198 мың сом қаржы жұмсалды. Безгекке қарсы күрес жүргізетін станция жоқ жерлерде бұл жұмысты да санитарлық-эпидемиологиялық станциялар ойдағыдай атқарып келеді. Демек, бұдан былайғы жерде безгекке қарсы күрес жүргізетін станцияны ажыратып, оның жұмысын санитарлық-эпидемиологиялық станцияға тапсыруға өбден болады.

Қалалық коммуналық шаруашылық мекемесінің қарамағында екі ұйым бар, олардың бірі қаланы көркейтуді мәселесімен шұғылданып, көпірлер мен жолдарды салу және жөндеу жұмыстарын жүргізуші қалалық жол құрылысы мекемесі, ал екіншісі қаланы жетілдіруді мәселесімен шұғылданып, ағаш егу, оларды баптап күту жұмыстарын жүргізуші көгалдандыру тресі. Бұл ұйымдардың өкімшілік басқару штатында 9 адам бар. Екеуінің атқаратын жұмыс көлемі онша зор болмағандықтан екеуін біріктіріп, шаруашылық есептегі бір мекеме қаланы көркейтуді мекемесін құруға өбден болар еді. Бұл екі ұйымды біріктіру олардың қарамағындағы транспорт құралдары мен жұмысшы күшін дұрыс пайдалануға және өкімшілік басқару аппаратының еңбек ақысынан жылына 18 мың 200 сом қаржы үнемдеуге мүмкіндік береді.

Қалада ССРО Көшілік тұтынатын өнер кәсіпін товарлары министрлігіне қарасты «Главкождың» Петропавлдағы тері шикізаттары базасы бар. Ол тері шикізаттарына дайындау ұйымдары және басқа кәсіпорындары арқылы, сол сияқты ССРО Дайындау министрлігінің Петропавлдағы аң терілері мен тері шикізаттары базасынан қабылдап, оны алғашқы өңдеуден өткізеді, концентрациялайды және олармен заводтарды жабдықтайды.

Осы базамен қатарласа облыстық «Заготживсырьё» мекемесінің тері шикізаттары базасы да аудандық «Заготживсырьелардан», басқа да дайындау ұйымда-

рынан аң терілерін, тері және жүн шикізаттарын қабылдау жұмысын жүргізеді. База тері шикізаттарын өңдейді, буынтүйеді және облыстық «Заготживсырьё» мекемесінің наряды бойынша шикізатты өнеркәсіп орындарының базаларына жөнелтеді. Сөйтіп бір міндетті екі бірдей ұйым, екеуі бір мекемеде отырып атқарады, ал бұлардан 20 мөстрей жерде бұл екі мекеменің үшінші туыстас ұйымы— Петропавл аудандық «Заготживсырьё» мекемесі жұмыс істейді. Бұл аталған үш ұйымның үшеуін бірдей ұстап отырудың қажеттілігі қажетті бар екендігін айтпаса да болады. Олардың үшеуі атқарған жұмысты бір мекеменің өзі ойдағыдай атқара алатындығы сөзсіз.

Мемлекеттік аппараттың жұмысын жетілдіру үшін есеп-қисап жұмысын қысқарту және тәртіптеу жөнінде кәзір жүзеге асырылып жатқан шаралардың зор маңызы бар. Жалпы мемлекеттік есеп жөніндегі көрсеткіштердің саны үш есеге жуық кемітіледі. Өнеркәсіп орындарының күнбе-күнгі бухгалтерлік есеп-қисабы 57 процентке кемітіледі. Колхоздар беріп отыратын есеп-қисаптар бес есеге жуық қысқартылады.

Басқару структурасын жақсартуға, аппаратты ұстауға жұмсалатын шығынды қысқартуға үнемі қамқорлық жасай отырып, партиямыз бен үкметіміз штат-смета тәртібін қатаң сақтауды, штаттан тыс қызметкер ұстаған және сметадан тыс қаржы жұмсаған айыпты басшыларды жауапқа тартуды талап етіп отырады. Облыстық ұйымдар мен жоғарғы звенолардың басшыларына өздерінің қарамағындағы ұйымдарда тек штатты және сметаны дұрыс тағайындау ісінде ғана емес, сонымен бірге олардың дұрыс сақталуын бақылап отыру міндеті де жүктеледі. Шынын айту керек, бұл сыяқты бақылаудың жүзеге асырылуы өте мөте жеткілізсіз. Смета-штат тәртібін бұрмалағандық жөнінде жоғарыда келті-

рілген фактілердің өзінен мұны айқындаруға болады.

Бұл мәселе жөнінде финанс органдарына да зор міндеттер жүктеледі. Ол халық шаруашылығының барлық салаларында басқару структураларын жетілдіру және штатты қысқарту үшін батыл күрес жүргізіп отыруға тиіс.

Облысымыздың финанс орындарының жұмысында бұл міндетті орындауда атқарылатын кемшіліктерге жол беріліп келеді. Олар жеке ұйымдар мен мекемелердің қандай жұмысты атқаратынын, олардың басқару структурасы мен штатты терең зерттемейді. Кейде штатты жаңа еңбәканың тіркелгенде бекітілгенін асып кеткен штатқа және еңбекақы мөшеріне заңсыз санкция берілетіндігі сыяқты фактілер де жоқ емес. Финанс орындары штаттар мен сметаларды тексеру ісін мейлінше қанағаттанғысыз, асапсыз жүргізеді.

Мекемелердің, ұйымдар мен кәсіпорындарының өкімшілік-басқару штатын, бөлек мөлшерін және сметаны қасақталуына бақылауды күшейту финанс органдарының басты міндеттерінің бірінен саналады. Сонымен бірге жүргізілген тексерістердің қорытындыларын дер кезінде толық шығарып, мемлекетке зат зиян келтірген адамдарға тиісті шара қолдану керек.

Егер барлық ұйымдарда, мекемелер кәсіпорындарында штат-смета тәртібін сақталатын болса мұндай кемшіліктерге жол берілмеген болар еді. Сондықтан жергілікті кәсіпорындары мен мекемелердің басшылары мемлекет қаржысын орынсыз жұмсауға, аппаратта ағаш адамдарды ұстап, оларға орынсыз еңбек ақы төлеу сыяқты фактілерге төзілмей.

**Ф. ПЕТРО**

Облыстық финанс бөлімі меңгерушісі.



# БҰҰ Бас Ассамблеясының ІХ сессиясы

## Саяси комитетте

НЬЮ-ЙОРК, 7 декабрь. (СОТА-ның арнаулы тілшісі). Саяси комитетте корей мәселесі әлі де талқылануда. 6 декабрьдегі таңертеңгі мәжілісте бельгияның, поляшаның, Сирияның, БССР-дің өкілдері, сонымен қатар гоминдандық та шығып сойледі.

Бельгия делегаты мен гоминдандықтың сөздері мүдделі елдер арасында корей мәселесі жөніндегі келіссөздерді қайта бастауға және осындай келіссөздерді қайта жүргізуді көздейтін совет қарар жобасына қарсы бағытталды.

Поляк делегациясының басшысы С. Спешневский, Кореядағы уақытша бітімді қадағалау жөнінде бейтарап мемлекеттердің өкілдерінен құрылған және Польшаның өкілдері құрмысымен құрылған комиссияның материалдары мен тәжірибесіне сүйеніп отырып, лисынмандық және американдық әскери үкімет орындарының уақытша бітім тудығын келісіммен шарттарын үнемі өрескел бұзып келгенін көрсетті. Спешневский мынаны еске салды: көп мыңдаған корей және қытай соғыс тұтқындары туған елдеріне қайтып баруға мүмкіндік ала алмай, бұлардың бір бөлігі шегелді армияларға күшпен қосылған. Туған елдеріне қайтаруды талап еткен соғыс тұтқындарының көбі өлтірілген.

Спешневский Біріккен Ұлттар командозанисі дейінің уақытша бітім шарттарын бұзып, Оңтүстік Кореяға қару мен соғыс жабдықтарын жеткізігенін көрсететін бірқатар фактілер келтірді. Ол сонымен қатар лисынмандық және американдық үкімет орындары Оңтүстік Кореядағы бейтарап комиссияның жұмысын сәтсізлікке ұшыратуға барынша тырысып отырғанын көрсететін фактілер де келтірді.

Поляк өкілі Оңтүстік Кореяда комиссиядағы поляк және чехословак өкілдерінің өмірі мен қауіпсіздігіне қатер төндіріп қана қоймай, сонымен бірге бұл комиссияның басқа мүшелерінің де ойдағыдай жұмыс істеуіне кедергі болатын әрекеттер жасалып отырғанын нақты мысалдармен көрсетіп берді.

АҚШ пен Лисынман үкіметі арасында қол қойылған және Құрама Штаттардың Оңтүстік Корея территориясында өздерінің қарулы күштерін шектелмеген мерзімге дейін ұстай тұруына право беретін договор, деп атап көрсетті Польшаның өкілі, барлық шегелдік әскерлерді Кореядан әкетуді көздейтін уақытша бітім туралы шарттардың орындауына болып табылады. Бұл договор, деп мәлімдеді ол, корей территориясын шегелдік белгісіз мерзімге дейін оккупациялап отырғанын көрсетеді және Корея жөніндегі саяси конференцияның нәтижелерін күтпестен, Кореяның болашағын күндізгі шешуге тырысқан әрекет болып табылады.

«Кореяны біріктіру және қалпына келтіру жөніндегі БҰҰ комиссиясы» дейтіннің жексұрын қымылына тоқтай келіп, поляк өкілі былай деп мәлімдеді: «бұл комиссия Кореяға үстемдік орнатуға тырысып отырғандардың қолшоңырына ай

мәселесінде «бейтарап» арбитр ретінде әрекет жасағымыз келді.

Польшаның өкілі сөзінің қорытындысында былай деп мәлімдеді: біздің делегациямыз мүдделі мемлекеттер арасында келіссөздер жүргізу жолымен корей мәселесін бейбітшілікпен шешуді жақтап отыр, сондықтан Совет Одағының ұсыныстарын толығымен қолдайды.

Сирияның өкілі Шукейри былай деп көрсетті: Біріккен Ұлттардың «беделін қорғау үшін» көптеген сөздерінің бәрін пайдаланып отырған АҚШ пен Англия өкілдерінің өздері осы беделді нашарлатып, олар бұл бедел жайында өздеріне тиімді болған жағдайда ғана естеріне түсіреді. Корей мәселесін шешуде, деп мәлімдеді Сирияның делегаты, «коммунистер БҰҰ принциптерін қабылдамай» отыр-мысы деп сылтау шындыққа өзі келмейді. Корей мәселесінде тиісті жақтардың арасында болып отырған алауыздықтардың, бұл алауыздықтар қаншама зор болғанымен, деді Шукейри, принциптерге емес, қайта осы мақсаттарға жету тәртібіне, соның әдістеріне ғана қатысы бар. Ал бұл талап тәртіп мәселелері жайында болып отырғандықтан, келіссөздер жүргізу қажет қана емес, тіпті міндетті болып табылады.

Сирияның өкілі Саяси комитеттің Корей Халық Демократиялық Республикасы өкілдерінің пікірін тыңдауға шақырылғанына қызығаландық білдірді. Халықтардың тағдырын, — деді ол, олардың өкілдері жоқ уақытта шешуге болмайды. Бұл — әділеттіліктің қарапайым принципі. Егер Біріккен Ұлттар бұл проблеманы барлық мүдделі жақтардың қатысуымен және әрі қарайтын болса, онда Біріккен Ұлттар өз міндеттерін орындай аламайды және өз мақсаттарына жете алмайды.

Сирияның делегаты былай деп атап көрсетті: 15 мемлекеттің баяндамасы келіссөздер жүргізу мүмкіндігін және қажеттігін мойындамай отыр, сондықтан 15 елдің бұл баяндаманы мақұлдайтын қарары корей мәселесін бейбіт құралдармен шешуде прогреске жету жолын жауып тастайды.

БССР делегациясының басшысы К. В. Киселев өзінің сөзінде мынаған назар аударды: Кореядағы интервенцияға қатысқан бірқатар елдердің өкілдері, атап айтқанда АҚШ пен Англияның өкілдері, өздерінің сөздерінде Женева кеңесі корей мәселесі жөніндегі саяси конференцияның әзі болды-мыс, бұл конференцияны өткізу Бас Ассамблеяның 1953 жылғы 28 августтағы қарарына жазылады — мыс деп, істің жайын бүрмәлесін көрсетуге тырысты. Мұндай мәлімдемелер, деді ол, кәзіргі уақытта мүдделі елдердің қатысуымен Корей жөнінде кеңес шақыруға жол бермеу және бұл мәселені шешуді қорытушы жақтардың біріне — Біріккен Ұлттар Ұйымына беріп, басқа жақты қатыстырмау мақсатын көздейді. АҚШ пен Англияның өкілдері және 15 елдің баяндамасының басқа авторлары КХР-дің, КХДР-дің және ССРО-

бітшілікпен реттеу туралы келісуге болатын еді. Бұл ұсыныстарды ССРО мен КХР делегациялары қолдады және толықтырды. Бірақ АҚШ бастаған және өздерінің Азиядағы отарлары мен үстемдігін сақтағысы келетін мемлекеттерді қамтытын елдердің бәрі бұл ұсыныстарды қабылдамады. Міне сондықтан да осы блоктегі елдер лисынмандық тәртіпті бүкіл Кореяға таратпақшы болып отыр.

Корей мәселесінде, деді Киселев, «Кореяны біріктіру және қалпына келтіру жөніндегі БҰҰ комиссиясы» тым қолайсыз роль атқарып келеді. Мұны, атап айтқанда, осы комиссияның Саяси комитеттің қарамағына берілген баяндамасы айқын көрсетеді. Бұл баяндаманы зерттеу осы комиссияның Кореяның біртүрлі қалпына келтіру ісіне нұқсан келтіруден басқа ешқандай пайда келтірмейтінін көрсетеді. Бұл комиссия корей мәселесін біржолата реттеу жолында ешқандай нақтылы қарар жасамай, өзінің бүкіл әрекетін Оңтүстік Кореядағы халыққа қарсы лисынмандық тәртіпті қолдауға бағыттап отыр. КХР мен және КХДР мен арадағы саудаға тыйым салу туралы АҚШ-тың қысымы қабылданған Бас Ассамблеяның 1951 жылғы 18 майдағы қарары, деп атап көрсетті Киселев, Кореяда баяндай бейбітшілік орнату және КХДР-мен, КХР-мен, бірқалыпты сауда қатынастарын қалпына келтіру жолында тұрған елеулі кедергі болып табылады. Бас Ассамблея, деді ол бұдан кейін, Қызыр Шығыстағы жағдайды бірқалыпқа келтіру мақсатымен, бұл заңсыз қарары бұзуға тиіс.

БССР делегациясы, деді Киселев, «Кореяны біріктіру және қалпына келтіру жөніндегі БҰҰ комиссиясын» таратуды және мүдделі мемлекеттердің келіссөздерін қайтадан бастау жолымен корей мәселесін шешуді көздейтін Совет Одағының ұсыныстарын қолдады.

6 декабрьдегі күндізгі мәжілісте Тайландтың, Ирактың, Францияның, Голландияның және УССР-дың өкілдері сөз сөйледі. Өздерінің делегациялары 15 елдің қарар жобасының ортақ авторлары болып табылатын Тайландтың, Францияның және Голландияның өкілдері, сондай-ақ Ирак пен Бразилияның өкілдері 15 елдің қарар жобасын қолдап, Совет Одағының делегациясы енгізген қарар жобаларына қарсы шықты.

УССР делегациясының басшысы Л. Ф. Павловский былай деп мәлімдеді: Саяси комитеттегі дискуссияның сыйпаты мен бағыты Кореядағы интервенцияға қатысқан елдер Женева кеңесінде көздеген мақсатын дәл осында да көздеп отыр, яғни корей мәселесін бейбітшілікпен реттеуден жақтарып отыр және өздерін өздері ақтау мақсатымен, мүдделі жақтар арасында кәзіргі уақытта бұл мәселе жөнінде келісімге жетуге болмайды-мыс дегенді айтып отыр, деп ойнаған УССР делегациясының пікірін нығайтып берді. Женевадағы сыяқты дәл осында да корей мәселесі жөнінде келісімге жетудің ғана емес, тіпті келіссөздер бастауының өзі де мүмкін емес.

## «Қытай халқы Тайванды азат етуге бел байлап отыр» ГО МО ЖОНЫҢ МӘЛІМДЕМЕСІ

ПЕКИН, 8 декабрь. (СОТА). «Гуанмин-жибао» газеті бейбітшілікті қорғаудың қытайлық халық комитетінің председатели Го Мо Жоның американдық-чанкайшілік «осара қауіпсіздік туралы договоры» жөніндегі мәлімдемесін жариялады.

Бұл договор, деп жазды Го Мо Жо, гоминдандық тобырдың сатқындылығын тағы да анықтай түседі және Қытайға қарсы АҚШ бастап отырған империалистік блоктың ашық агрессиясын көрсетеді.

Тайваньды азат ету өділетті іс болып табылатындығын, оның мақсаты Қытайдың қауіпсіздігі мен территориялық тұтастығын қорғау, сонымен бірге Азияда және бүкіл дүние жүзінде бейбітшілікті қорғау болып табылатындығын айта келіп, Го Мо Жо былай деп атап көрсетеді: «Қытай халқы өзінің ежелгі территориясын азат етуге бел байлап отыр».

## БЕЛЬГИЯ ПАРЛАМЕНТИ ДЕПУТАТТАР ПАЛАТАСЫНЫҢ СЫРТҚЫ ІСТЕР ЖӨНІНДЕГІ КОМИССИЯСЫ

ЛОНДОН, 8 декабрь. (СОТА). Рейтер агенттігі тілшісінің Брюссельден берген хабарына қарағанда, бүгін Бельгия парламенті депутаттар палатасының сыртқы істер жөніндегі комиссиясы Батыс Германияны қайтадан қаруландыру принципімен Париж келісімдерін бекіту туралы «батыс еуропалық одақ» құруды қуаттаған.

Мемлекеттік совет (жоғарғы заң құраушы органы) бұдан бұрын хабар етілгендей, Париж келісімдерін бекіте отыра, батыс еуропалық одақтың министрлер советінің пайлабын көздейтін кейбір суверендік праволардан Бельгия бас тартуда деген пікірді айтқан.

Дегенмен комиссия былай деп шешкен: депутаттар палатасы конституцияны алдынала өзгертпей-ақ өзі шешім қабылдай береді.

## АВСТРИЯ ЖҰРТШЫЛЫҒЫ ЖЕР РЕФОРМАСЫН ЖҮРГІЗУДІ ТАЛАП ЕТУДЕ

ВЕНА, 8 декабрь. (СОТА). «Эстеррейхше фольксштимме» газетінің хабар етуіне қарағанда, «Австрия халық оппозициясының» депутаты Эльзер парламент мәжілісінде жүз мыңдаған ұсақ шаруалар мен ауылшаруашылық жұмысшыларының атынан Австрияда жер реформасын жүргізуді талап еткен. Эльзер ауыл шаруашылығы және орман шаруашылығы министрі Томның Австрияда оккупациялық әскерлер тұрған кезде жер реформасын жүргізу мүмкін емес деген сөзін әшкереледі. Ол былай деп атап көрсетті: үкіметтің жер реформасы туралы мәселедегі барлық әдіс-айлаларының мақсаты гитлершілермен ынтымақтаса жұмыс істеген бұрынғы жер иелеріне ірі жер учас-токтерін қайтарып беру болып табылады.

«Австрия халық оппозициясы» фракциясының атынан Эльзер Австрия дерев-кяларында барлық шаруалардың да қол-

## Бейбітшілік ісі жеңеді!

### МОСКВА КЕҢЕСІНІҢ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫНА АРНАЛҒАН ВАРШАВАДАҒЫ МИТИНГ

ВАРШАВА, 8 декабрь. (СОТА). Кеше Варшавада еуропалық елдердің Еуропала бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі Москва Кеңесінің қорытындыларына арналған еңбекшілердің жалпыхалық митингісі болды. «Гвардия» қоғамының орасан үлкен спорт залына жеті мыңдай еуропалық жұмысшылары, ғылым, мәдениет, искусство қайраткерлері, жастар өкілдері лық толды. Митингте Польшаның Біріккен Жұмысшы партиясының Орталық Комитеті саяси бюросының мүшелері, Поляк Халық Республикасының мемлекеттік Советі мен демократиялық мүшелері, ССРО-ның Польшадағы елшісі Н. А. Михайлов, халықтық демократия елдерінің дипломатиялық өкілдері, жасподақтардың Бүкіл дүниежүзілік федерациясы бас советінің VII сессиясына қатысу үшін Варшаваға келген кәсіпкерлердің Бүкіл дүниежүзілік федерациясының председатели Джузеппе Ди Викторио және Францияның Жалпыеңбек конференциясының бас секретары Бенуа Франшон болды.

Митингті Ұлттық майданның Варшава халық комитетінің председатели жазушы К. Браныш ашты. Бұдан кейін Москва Кеңесіне қатысқан поляк үкімет делегациясының басшысы Поляк Халық Республикасы Министрлер Советінің председатели Ю. Циракевич сөз сөйледі. Москва Кеңесі, деді Ю. Циракевич, Совет Одағы Үкіметінің инициативасы бойынша, Поляк Халық Республикасы мен Чехословак Республикасының үкіметтері мен келісе отырып шақырылды. Кеңестің шақырылған себебі сол, біздің үкіметтеріміз мұны халықаралық жағдай талап етіп отыр деп тапты. Жұртқа мәлім, соңғы уақытта халықаралық аренада бейбітшілікке және еуропалық қауіпсіздікке қатер төндіретін оқиғалар болды. Лондон мен Париж келіссөздері осындай оқиғалар болып табылады, бұл келіссөздер кезінде кейбір батыс державаларының үкіметтері Батыс Германияда гитлерлік вермахтты қайта тудыру жөнінде астыртын сөз байласты.

Гитлерлік вермахтты қайта тудырудың қандай мақсатты көздейтіні Москва Кеңесіне қатысқан барлық мемлекеттеріміз өкілдері айқын мәлімдеді. Біздің континентіміздің бейбітшілігі, қауіпсіздігі және тағдыры үшін жауапкершілігін терең сезген бұл мемлекеттердің өкілдері, Кеңеске өкілдері қатысқан халықтардың атынан, Батыс Германияны демилитарландыру жоспарларына қарсы батыл наразылық білдірді.

Москва Демократиясы Кеңеске қатысқан елдер үкіметтерінің бірауызды позициясының белгісі; ол сонымен бірге осы үкіметтер өздерінің өкілдері болған халықтардың бірауызды позициясының белгісі болып табылады. Ал Лондон мен Париж келісімдеріне қол қойған батыс үкіметтерінің жағдайы мүлде басқаша болып отыр. Бұл үкіметтер, келісімдерге

шілгі өздерін қолдамайтынын жақсы біледі.

Ю. Циракевич бүкіл поляк халқының қолдап отырғанын поляк делегациясының айқын сезгенін, ал халықтың Кеңесте қабылданған Декларацияны бірауыздан мақұлдағанын атап көрсетті.

Біздер үшін, поляк халқы үшін, деді Ю. Циракевич бұдан кейін, бұл Декларация халықтың бірлігін нығайту, Отанмыздың қуатын нығайту ісінде барлық еңбекшілердің күш-жігерін оған әрі күшейтуге шақырған үндеуі болып табылады.

Бұдан кейін сөз сөйлеген поляк сейімінің вице-маршалы Ю. Озга-Михальский былай деп мәлімдеді: еуропалық елдердің бір етюдә басқосып, даулы мәселелерді шеше бастайтын болуын көздеген Москва Кеңесінің қарарларын бүкіл поляк халқы қызу қолдауда.

Францияның Жалпы еңбек конференциясының бас секретары Бенуа Франшонның сөзін жыйналғандар жылы шыраймен қарсы алды, ол еуропалық халықтардың әрекеттеріне қарсы француз халқының күресері туралы айтты.

Француз халқы, француз жұмысшы табы деп көрсетті Бенуа Франшон «европалық қорғаныс бірлестігі» туралы келісімді бекітуге қандай жол бермеген болса, Париж келісімдерінің жүзеге асырылуына да жол бермеу үшін қолынан келгенін бәрін істейді.

Италияның Жалпы еңбек конфедерациясының бас секретары, жасподақтардың бүкіл дүниежүзілік федерациясының председатели Джузеппе Ди Викторио өзінің сөзінде халықтардың Москва Кеңесінің қорытындыларын қызу құттықтап отырғанын көрсетті. Біз, — деді Ди Викторио, бүгінгі күні бұрынғы қай кездегіден болса да тығыз бірлігіміз отырмыз, сондықтан да біздің ісіміз, бейбітшілік ісі жеңеді!

Митингке қатысушылар зор жігермен қарар қабылдап, бұл қарарда Москва Кеңесінің қарарларын өздерінің толығымен қолдайтынын мәлімдеді.

Поляк халқы, делінген қарарда, агрессияның вермахтты қайта тудырудың авантюристік және қауіпті саясатын, демилитарландырылған Батыс Германия өзінің ұйытқысы болуға тиісті соғыс блогын құруды мақсаталайды. Бейбітшілікке қарсы, Польшаға қарсы және адамзатқа қарсы бағытталған саясаттың елеулі зардаптарына біздің халқымыз ешуақытта да төзіл отыра алмайды.

Поляк халқы коллективтік қауіпсіздіктің Жалпыевропалық системасын құрудың советтік жобасын бірауыздан қолдайды. Совет Одағымен және бүкіл 900 миллионды бейбітшілік лагерімен бірге, біз вермахтты қайта тудыру туралы Париж келісімдері бекітілген жағдайда, біздің елдеріміз өздерінің қорғаныс қабілетін нығайту үшін, біздің қауіпсіздігімізді және Еуропадағы бейбітшілікті қамтамасыз ету үшін ойнайтын шаралар қолдануы



нады. Ол агрессияны бүркемелейтін пердеге, Солтүстік Кореяға қарсы өшпенділікті қолдауын отырған дисыман үкметінің насихат оужынына айналды. Бұл комиссия бетке ұсталып, террор ұйымдас тырылуға және халық аяуандықпен жазалануда. Біздіңше, бұл органның әрекетінен тиісті қорытынды жасайтын және кәзіргі халықаралық жағдайдың талаптарына сәйкес бұл комиссияны тарататын мәзігі әбден жетті».

Сыңаршаулы бұдан кейін 15 мемлекеттің баяндамасы туралы баяндама емес екенін және бұл мемлекеттердің өз баяндамасын тұрғын документ болып табылатынымен деп көрсетуге тырысқан әрекеттерінің дәрменсіз екенін атап көрсетті. Бұл 15 мемлекет, делі ол, БҰҰ-ны Кореядағы соғысушы жаққа айналдыру үшін алған түрлі заңсыз құралдарын пайдаланды. Американың командованнесі өзін БҰҰ командованнесі деп, ал ұсыма Штаттардың әскерлері естерін —БҰҰ әскерлері деп атады. Тіпті Кореядағы бейбіт қалалары мен селоларына нағалм бомбаларын тастаған, өлім мен бүтіндік тудыраған самолеттердің қанаттарында да БҰҰ әмілемасының суреті нысыз бйнетелді. Біріккен ұлттардың мандованнесі дейтініміз соғысушы жақ тіпте уақытша бітім туралы келісімге қойды. Ал кәзір ол 15 мемлекеттің, ұ атағын тағы да бетке ұстап, корей

ның көрсетілген позицияларын теріс көрсетіп, енгізілген ұсыныстардың маңызын бұрмалап отыр, ал осы елдердің бұқатар ұсыныстары жөніне тіпті үнтемей отыр, сөйтін, олар Женевада корей мәселесі жөніндегі келіссөздердің сәтсіз болғаны үшін жауапкершілікті өздерінен алып тастауға тырысуда.

Белорусе делегациясының пікірінше, делі Киселев, халықаралық зор және қыпайын мәселелер конференциялар мен кеңестерде келіссөздер жүргізу жолымен, өзара қабылдауға болатын шарттар негізінде және барлық жақтардың пікірлері мен мүдделерін ескере отырып, шешілуге тиіс. 15 мемлекеттің корей мәселесін шешуге ешқандай нақты ешпін жұмыстарының және тіпті күш салуға тырыспағанын корей мәселесін Женева кеңесінде талқылаудың бүкіл барысын көрсетіп берді. Мұның керісінше, бұл мемлекеттер кеңесте қатысушылар арасында алаштық бар екенін бұрынша атап көрсетуге және оны тереңдетуге тырысып келді.

Женева кеңесінің корей мәселесі жөнінде сәтсіз болу себебі АРШ-тың және олардың соңынан еруші елдердің Кореяны бейбітшілікпен біріктіруге және біртұтас, демократиялық, тәуелсіз корей мемлекетін құруға келіспегендігіне түгелімен және бүтіндей байланысты болып табылады. Жүртке мәлім, Женевада КХРД делегациясы біркәтәр ұсыныстар енгізді, бұл ұсыныстар негізінде корей мәселесін бей-

ітін декларациясында баяндалған талаптарды қабылдау болуға тиіс дегенді бізге тағы да қайталап айтуда.

Украин ССР делегациясы, делі Паламарчук, мүдделі мемлекеттер арасында тікелей келіссөздер жүргізу жолымен корей мәселесінің келісілген шешімін табуға болады деп есініп отыр. Сондықтан УССР делегациясы Совет Одағының қарар жобасын қолдиды, бұл қарар жобасында біртұтас, тәуелсіз, демократиялық корей мемлекетін құру негізінде корей мәселесін бейбітшілікпен реттеу туралы келісімге жету мақсатымен тиісті мемлекеттердің онан әрі зүш жұмсауы және таяудағы уақытта мүдделі мемлекеттердің кеңесін шақыруы жөн болады деп танылған. УССР делегациясы «Кореяны біріктіру және қалпына келтіру жөніндегі БҰҰ комиссиясын» таратуды жақтап дауыс береді, өйткені бұл комиссияның Кореяны бейбіт жолмен біріктіруге және қалпына келтіруге көмектесе алмайтыны былай тұрсын, қайта ол корей мәселесін бейбітшілікпен реттеуге кедергі болып отыр.

Кореяны демократиялық негіздерде ұлттық жағынан біріктіру, делі Паламарчук қорытындысында, сондай-ақ көп азапқа ұшыраған бұл елде баянды бейбітшілік орнату корей халқының өзінің мүдделері үшін, халықтар арасында бейбітшілік пен хауіпсіздікті баянды ету мүдделері үшін қажет болып отыр.

жөндеу мастерскойларын құруды ұсынды және ұсақ шаруалар шаруашылықтарына мемлекеттен қарыз берудің, сол сыяқты ауылшаруашылық құралдары мен тыңайтқыштарына бағаның арзандатылуы қажеттігін атап көрсетті.

### СЕПГ ПЛЕНУМЫ

БЕРЛИН, 8 декабрь. (СОТА). Кеше Берлинде Германияның Социалистік біртұтас партиясы Орталық Комитетінің 2-ші Пленумы болды, ол европалық елдердің Европада бейбітшілік пен хауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі Москва Кеңесінің қорытындысына арналды. Москва Кеңесінің барысы мен нәтижесі туралы СЕПГ Орталық Комитетінің бірінші секретары Вальтер Ульбрихт баяндама жасады.

Пленум Вальтер Ульбрихттың баяндамасын бірауыздан мақұлдады және Кеңеске қатысушылар қол қойған Москва Кеңесі мен Декларациясында ГДР делегациясы жасаған мәлімдемені қуаттау туралы қарар қабылдады. Пленум европалық елдердің Москва Кеңесі Декларациясында қойылған міндеттерді орындау үшін барлық шараларды қолдануға қарар қабылдады.

## Бейбітшілік жолындағы неміс күрескерлері Париж келісімдерінің бекітілуіне қарсы күресті күшейтеді

### БЕЙБІТШІЛІК ЖОЛЫНДАҒЫ НЕМІС КҮРЕСКЕРЛЕРІ СОВЕТІ ПРЕЗИДИУМЫНЫҢ МӘЖІЛІСІ

БЕРЛИН, 8 декабрь. (СОТА). Кеше Берлинде бейбітшілік жолындағы неміс күрескерлері Советінің мәжілісі болып, онда Бүкілдүниежүзілік Бейбітшілік Советінің Стокгольм сессиясының қарары, сонымен бірге бұл қарардан туатын бейбітшілік жолындағы неміс күрескерлерінің міндеттері талқыланды.

Осы мәселе жөніндегі дискуссияға Герман Демократиялық Республикасы мен Батыс Германияның көрнекті қайраткерлері, атап айтқанда, Отто Бухвиц, профессор Стефан Хермлин, Мюнхен-Гладбахтың бұрынғы обер-бургомистрі Вильгельм Эльфес және басқалары қатысты. Сөз сөйлегендер бейбітшілік жолындағы неміс күрескерлерінің Советі Париж келісімдерінің бекітілу қатерін еске ұстап, Герман Демократиялық Республикасы мен Батыс Германияның парламент депутаттарының Германияны бейбітшілікпен қалпына келтіру туралы жалпыевропалық коллективтік хауіпсіздік системасын құру үшін келісімдерге жеткізетін мүмкіншіліктер-

дің бәрін пайдалануға шақырған үндеу жолдау туралы ұсыныс енгізді.

Мәжіліске қатысқандар европалық елдердің Москва Кеңесінің Декларациясын қуаттап, оны халықаралық шиеленісті бәсеңдету ісіне қосылған үлес деп бағалады.

Президиум Бүкілдүниежүзілік Бейбітшілік Советіне жолдама қабылдап, онда бейбітшілікті жақтаушы немістердің атықан Бүкілдүниежүзілік Бейбітшілік Советінің Стокгольм сессиясының қарарын мақұлдайды және бейбітшілік жолындағы неміс күрескерлері Париж келісімдерін бекітумен Батыс Германияда милитаризмді тұрғызуға қарсы күресті күшейтеді деп мәлімдеген.

Президиум 1955 жылдың апрелінде Лейпциг қаласында хауіпсіздік пен бейбітшілік үшін неміс конгресін шақыруға қарар қабылдады.

Редактордың орынбасары  
**Г. НУРМОЛДИН.**

## Батыс Германия өндірістерінде төтеннен олатын бақытсыздық оқыйғалардың көбеюі

БЕРЛИН, 8 декабрь. (СОТА). Батыс-германиялық өндіріс орындарында еңбек-орғаудың жетімсіздігі салдарынан төтеннен олатын бақытсыздық оқыйғалар әртүрлі аурулардың саны өсе түсуде. агенттігінің хабарлауына қарағанда, Батыс Германия металшылары кәсіпода-ның басқармасы үстіміздегі жылдың шқы жартысында төтеннен болған бақытсыздық оқыйғалар өткен жылдың шқы жартысында салыстырғанда 50-тен артық өсіп отыр, деп мәлімдеді. Орта есеппен алғанда өнеркәсіптің 5 жұмысшысы, болмаса, қызметші-генінен болған бақытсыздық оқый-ға душар болуда. Бургтың «Ди вельт» газеті былай жазады: Батыс Германия өндірісте-

ріндегі төтеннен болған бақытсыздық оқыйғалар санының өсуі, сонымен бірге жұмысшыларды қанаудың күшеюі салдарынан туып отыр. Бұл жерде газет батыс-германиялық дәрігерлер бірлестігінің: қанаудың күшейтілуі жұмысшылардың организмдерін күні бүрғын істен шығарады және әртүрлі жүйе ауруларына соқтырады деген мәлімдемесіне сүйенген. Жұмысшылардың денсаулығын дәрігерлік күз-ландіру мәліметтеріне қарағанда, Вест-фалиядағы 800 кәсіпорындарындағы жұмысшылардың 80 процентінде дене күші жағынан қатты қажырғандық байқалады, ал дәрігерлік зерттеуге алынған жұмысшылардың 60 проценті ұзақ уақыт емделуге жататын түрі бар.

## Англиядағы ереуіл қозғалысы

ЛОНДОН, 8 декабрь. (СОТА). Ист Кил-ли (Глазгога таяу жерде) «Роллс-Ройс» авиация моторларын жасау заво-ды 500 жұмысшының ереуілі бір-іне созылуға. Ереуіл өндіріс не-оңім шығару нормасын арттыр-ған ниеттеріне қарсы наразылық басталған болатын.

абрыде заводта тағы да 1500 жұ-ниеттестік білдіріп ереуіл баста-

ды. Кәзіргі уақытта заводтың барлық жұмысшылары ереуілге қосылған.

6 декабрьде түн ортасында Кроулидегі (Суусекке графтығы) Уимпид құрылыс фир-масының жұмысшылары жұмыстан шы-ғаруға қарсы наразылық ретінде ереуіл көтерді. Бұл фирма Англиядағы құрылыс фирмаларының ең бір ірісі болып табы-лады. Оның құрылысында 20 мыңға жуық жұмысшылар істейді.

## СУЭЦ КАНАЛЫ АЙМАҒЫ ЖӨНІНДЕГІ АҒЫЛШЫН-ЕГИПЕТ КЕЛІСІМДЕРІ ЖАЙЫНДА

ЛОНДОН, 6 декабрь. (СОТА). Рейтер агенттігінің тілшісі Каирдан былай деп хабарлайды: бүгін Англия мен Египет Суэц каналы аймағындағы ағылшын со-ғыс базасы жөніндегі келісімді бекіту грамоталарымен алмасты.

19 сәуірьде қол қойылған бұл келі-сім бойынша, ағылшын әскерлерін Еги-пет территориясынан 20 айдың ішінде алып кету жүзеге асырылуға тиіс еді. Енді ол келісім кейбір жағдайлармен то-лықтырылды, бұл жағдайлар бойынша Англия Суэц каналы аймағындағы баса-ны бақылауын едәуір дәрежеде сақтап қалмақ.

Бұл келісім бойынша, егер Солтүстік-Атлантикалық агрессиялық одақтың же-не түркі-пәкістан соғыс пактасының мүшесі болып отырған Түркия «шабуыл-ға» ұшырай қалған күнде, ағылшын әс-керлері Суэц каналы аймағын қайтадан оккупациялауға право алады.

Баспасөздің атасы көрсеткеніндей, жо-ғарыдағы аталынған келісімге қол қойы-лумен аяқталған келіссөздерге Құрама Штаттар белсене қатысқан, өйткені Құ-рама Штаттар англо-египет шиеленісін бұл сыяқты «реттеуді» Египетті Орта-Шығыс соғыс блогіне тартудың алғашқы қадамы деп қарайды.

**Жолдас**  
Сен

# ЛЕНИН ТУЫ

газетіне жазылдың ба?

**ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ**

1 айға	— 4 сом 35т.
3 айға	— 13 сом 05т.
6 айға	— 26 сом 10т.
1 жылға	— 52 сом 20т.

**Бұл жылға тұтас жазыныңдар!**

## Киноларда

«УДАРНИК» кинотеатрында

«ИНЕЛІК»

Сеанстар сағат 6-30, 8-30 және 10-30 да басталады.

«ОКТАБРЬ» кинотеатрында

«ҮЛКЕН СЕМЬЯ»

Сеанстар сағат 6-30, 8-30 және 10-30 да басталады.

Қала маңындағы селолық тұ-тынушылар қоғамына түпкілікті жұмысқа бухгалтер және қалада жұмыс істеу үшін атшы, автома-шинаға жүк тиеушілер КЕРЕК. Жүк тиеушілерге еңбекақы істе-ген жұмысына қарағ төленеді. Жұмысқа қабылдау тәртібі жо-нінде Бостандық көшесі 11 үйге келіп түсінік алуға болады.

Петропавл қалалық өндіріс комбинатының осы жылғы 16 ав-густа 3840 килограмм зығыр да-қылын қабылдағандығы жөнінде Жданов атындағы колхозға бер-ген 156 санды квитанциясы жо-ғалды. Бұдан былай бұл квитан-ция күшінде деп саналмасын.

Петропавл қаласы, Фурманов көшесі 21-үйде тұрушы Валентина Дмитриевна Давыденко Владимир Самуилович Да-выденкодан айрылатыны жөнінде арыз берді. Іс Солтүстік Қазақстан облыс-тың сотта қаралады.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор—1-86, редактордың орынбасары —1-59, секретарват —1-33, партия және насихат бөлімдері —0-22, аурушылық және өнеркәсіп-транспорт бөлімдері —2-36, мәдениет-тұрмыс хабар және тілшілер бөлімдері —3-39, корректорлар бюросы—4-39 Газет баспасы —5-53, газет табыс етілмесе—1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.